



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Биыл – Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің алғашқы шақырылғанына 20 жыл. Бұл игі бастама өзінің өміршеңдігін дәлелдеп, аз уақыт ішінде маңызды өркениетаралық диалог алаңына айналды. Форум дінаралық татулық пен келісімді нығайтуға, бүкіл адамзатқа ортақ түйткілдердің шешімін табуға және толеранттылықты дәріптеуге септігін тигізіп келеді. Басқосу аясында әлемнің рухани көшбасшылары жаһан жұртын алаңдатқан өзекті мәселелерді талқылап, бейбітшілікті сақтау және өзара құрмет пен сыйластықты насихаттау туралы ойларын ортаға салады. Қазір геосаяси ахуал ушығып, түрлі сын-қатер күшейіп тұр. Осы алмағайып кезеңде ізгілік, мейірімділік, бауырмалдық, жауапкершілік сияқты қағидаттардың қадірі арта түсті. Сондай-ақ халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін қалыптастыру өте маңызды мәселеге айналды. Ол үшін әлем халқын бейбітшілікке шақыратын жаңа жаһандық қозғалыс қажет. Бұл ретте дін көшбасшылары айрықша рөл атқарады.



№121  
(4554)  
Бейсенбі  
12 қазан  
2023 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## СУИЦИД – ҚАТЕРЛІ ДЕРТ

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ



## КӨКӨНІС КӨП, КЕДЕРГІ ДЕ АЗ ЕМЕС

10-БЕТ | АЙМАҚ



## ӨЛЕҢІМЕН ҰЛТЫН ӨРГЕ СҮЙРЕГЕН

11-БЕТ | РУХАНИЯТ

ХІХ жазғы Азия ойындарында ел намысын қорғаған спортшыларды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қабылдап, жүлделерімен құттықтады. Байрақты бәсекеде Қазақстан спортшылары 10 алтын, 22 күміс және 48 қола медаль иеленіп, жүлделер саны бойынша құрлықтағы бесінші құрама болды.

3



# СПОРТ – ЕЛ НАМЫСЫ

## ӨЗ ҮЛЕСІҢДІ ҚОС!

Астанада көлік қызметін үйлестіруші «City Transportation Systems» компаниясы көлік кешеніне қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша астаналықтар арасында әлеуметтік сауалнама жүргізіп жатыр.

Сауалнама мақсаты – көлік кешеніне қызмет көрсетуді жақсартуға арналған. Сондай-ақ бұл талдау көлік кешенінің қызмет көрсету сапасын аудандар мен тәулік уақыты бойынша бағалау үшін қажет.

City Transportation Systems мақсаты – автокөлік жүргізушілеріне, қоғамдық көлік, такси және басқа да қызметтерді пайдаланушыларға ыңғайлы сапар үшін тиімді шешімдер әзірлеу.

«Құрметті астаналықтар, бірнеше минут уақытыңызды бөліп, сауалнама сұрақтарына жауап беруіңізді, осылайша,

көлік кешеніне қызмет көрсету сапасын жақсартуға көмектесуіңізді сұраймыз» делінген хабарламада.

Сауалнама City Transportation Systems сілтеме бойынша толтыруға болады.



РЕСПУБЛИКА МАҚТАНЫШЫ

## ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛҒАН ӘЛИ



Ел іші дарындарға кеңде емес. Болар баланы жастайынан танып, қабілетін шыңдай білген халқымызды қазірде бүкіл әлемге танытып жүрген дарынды балалар қаншама. Олардың қатарында ел намысын абыроймен қорғаған астаналық оқушы Әли Насырбек те бар. Жақында кішкентай бүлдіршін АҚШ-тың Нью-Йорк штатында өткен Copernicus олимпиадасында әлемнің 23 елінің 360 оқушысы арасында топ жарып, әлемнің үздік математигі атанды.

13

COLUMBIA UNIVERSITY  
IN THE CITY OF NEW YORK



ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 504.84 \$ USD/KZT 478.43 ₸ RUB/KZT 4.77 ¥ CNY/KZT 65.53

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



№121 (4554) 12/10/2023 Бейсенбі

Сонымен қатар өнімді еңбектің арқасында туған өлкенің дамуына тұрақты қолдау көрсетіп келе жатқанын айтты. Президент «Абзал және К» шаруашылығының демеушілігімен салынған ауылдың орталық алаңын, спорт кешенін аралап көрді. Спорт кешенінде жергілікті халық футбол, волейбол, үстел теннисі және күрес түрлерімен емің-еркін шұғылдана алады.

Содан кейін Президент бытыр ғана бой көтерген «Еңбек аллеясында» еңбек адамдарымен жүздесіп, Қызылорда облысының дамуына баса мән беретінін атап өтті. Сондай-ақ күрделі геосаяси ахуал кезеңінде Қазақстанның өркендеуі жолында елімізді бірлік танытып, еңбек етуге шақырды. «Шын мәнінде, еңбек адамдары – халқымыз үшін ең қажет азаматтар. Ең алдымен, біз еңбек адамдарына құрмет көрсетуіміз керек. Сіздер осы ақ күршіттің атасы – Ыбырай Жақаевтың жолын жалғап жүрісіздер. Сондықтан мен сіздерді қолдаймын» деді Мемлекет басшысы.

Диқандар ауыл шаруашылығының дамуына айрықша мән беріп, мемлекет тарапынан қолдау шараларын көбейткені үшін Президентке алғыс айтты. Әсіресе, Су ресурстары министрлігін құру жөніндегі жаңалықты сыр бойыншы диқандары қуана қабылдағанын жеткізді. Сонымен қатар олар ауылда жастарға жайлы жағдай жасалғанына, жас мамандардың ел ішінде қызу еңбек етіп жатқанына тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев жастарымыздың еңбекқор, қыпшы, отансүйгіш болуы керек екенін және оларға әрқашан қолдау көрсетілетінін атап өтті. «Ауылда жастардың жұмыс істеуіне, өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалған. Осындай ауылдарды көбейтуіміз керек. Оған шамамыз да, қаражатымыз да жетеді. Кәсіпкерлермен кездескенімде елді мекендерге қаржы салып, көмектесу керек деп үнемі айтып келемін. Нағи Ілиясов басқа ауылдарға да үлгі болуы қажет. Сондықтан өзге облыстар да ауылдарды осылай дамытады деп ойлаймын» деді Мемлекет басшысы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Қорқыт ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалының құрылысы жөнінде баяндалды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңа терминал жеке демеушінің қаражатына салынып, кейін мемлекет меншігіне өткізілетінін айтты. Жоба құны – 20 миллиард теңге. Оның ішінде 15,7 миллиард теңге – демеушінің өз еліміздің құрылысы үшін бөлген қаржысы. Сондай-ақ жергілікті бюджеттен әуежайдың сыртқы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын жүргізу үшін 4,3 миллиард теңге қаржы бөлінген. Халықаралық стандартқа сай болатын әуежайда жолаушыларға қызмет көрсету үшін барлық жағдай жасалады. Жаңа терминал келесі жылы пайдалануға беріледі. Нысан қолданысқа берілгеннен кейін жолаушылар тасымалы бір сағатта 250 жолаушыға қызмет көрсете алады. Сондай-ақ түрлі бағыттарға ұшатын әуе рейстерінің саны артады.



## ЕҢБЕК АДАМДАРЫНА ҚҰРМЕТІМІЗ АРТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысына жұмыс сапарымен барып, бірқатар нысандарды аралап, еңбек адамдарымен кездесті. Әуелгі жүздесуді Сырдария ауданы Нағи Ілиясов ауылының тыныс-тіршілігімен танысудан бастады. Қазақстанның Еңбек Ері, «Абзал және К» толық серіктестігінің негізін қалаушы Абзал Ералиев Президентке кәсіпорынның табысты қызмет етіп, өңір бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы жетекші мекемеге айналғанын жеткізді.

Бұдан бөлек, облыс әкімі Қызылорда қаласында заманауи үлгіде салынып жатқан автобекеттің биыл жыл соңында іске қосылатынын және қаланың аумағына тиесілі 216 шақырым жолдың 104 шақырымы жасалды.

Сонымен қатар Президентке «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі аралығын (566 км) I санаттағы 4 жолақты жолға ауыстыру жоспарланып отырғаны туралы мәлімет берілді. Осы ретте аталған бағыттағы жұмыстардың жобалық-сметалық құжаттамаларын әзірлеу келесі жылдан басталады. Мемлекет басшысы қазіргі жол, шын мәнінде, өте тар екенін атап өтіп, оны кеңейту жұмыстарын тезірек бастау қажеттігіне назар аударды. Бұл ретте Президент Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға мәселені бақылауға алу жөнінде тапсырма берді.

Сонымен қатар Президентке Қызылорда қаласының жаңа жылу электр орталығының жобасы таныстырылды. Былтыр Энергетика министрлігі тұркиялық «Aksa Enerji Uretim AS» компаниясымен Қызылорда қаласында жаңа бу-газ қондырғысын орнату жөнінде келісім-шартқа қол қойды. Шетелдік

инвестиция есебінен салынып жатқан жаңа ЖЭО 240МВт электр қуатын және сағатына 277 жылу қуатын өндіре алады. Жобаның болжамды құны – 215 миллиард теңге.

Облыс әкімінің айтуынша, қазір құрылысқа дайындық жұмыстары қызу жүріп жатыр. 2025 жылдың соңына дейін пайдалануға берілетін ЖЭО қаланың жылу және электр қажеттілігін толық қамтамасыз етіп қана қоймай, артылған электр энергиясын басқа өңірлерге сатуға мүмкіндік береді. Қазіргі қолданыстағы жылу электр орталығы 1964 жылы салынған. Бірнеше рет күрделі жөндеу жүргізілгеніне қарамастан, стратегиялық нысанның негізгі және қосалқы қондырғыларының тозу деңгейі 90 пайызға жеткен. Сондай-ақ қаладағы құжаттамаларын әзірлеу келесі жылдан басталады. Мемлекет басшысы қазіргі жол, шын мәнінде, өте тар екенін атап өтіп, оны кеңейту жұмыстарын тезірек бастау қажеттігіне назар аударды. Бұл ретте Президент Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға мәселені бақылауға алу жөнінде тапсырма берді.

Бұған қоса, Президентке Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Бай-қоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай космодром қалашығындағы ахуал туралы баяндады. Қасым-Жомарт Тоқаев қаланы әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыту

үшін Ресей тарапымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу қажет екеніне назар аударды.

Одан әрі Президент өңірдің құрылыс индустриясын дамытуда маңызды рөл атқаратын Темірбетон бұйымдары зауытының жұмысымен танысты. «Құрылыс-көлік компаниясы» ЖШС биыл іске қосқан жобаның жалпы құны – 2,6 миллиард теңге. Оның 370 миллион теңгесі «Даму» кәсіпкерліктің дамыту қоры арқылы қаржыландырылған. Комбинат күніне 200 текше метр темірбетон бұйымдарын өндіреді. Өндіріске қажетті шикізаттар жергілікті жерден алынады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына аймақтағы кәсіпорындардан шығатын басқа да өнім түрлері таныстырылды. Олардың басым бөлігі – құрылыс саласы үшін аса қажетті материалдар. Атап айтқанда, табақша шыны («OrdaGlass» ЖШС), ПВХ-құбырлары мен фитингтер («КНК Кемикал» ЖШС), каскалар («NP-Consalting» ЖШС), плитка желімдері мен сәндік сылақтар («Вега-Пром» ЖШС), жол және тротуар бордюрлерін, құм-керамзит блоктарын («Садуақасов Ж.А.» ЖК), қиыршық тастың әртүрлі фракцияларын («Shalkiya Dolomite Oregating» ЖШС), терезелер мен айналар («Комфорт КЗ» ЖШС), әк («Ордастрой маркет» ЖШС), кірпіш өнімдерін («Мелиоратор» ЖШС) және тағы да басқа бұйымдарды шығарады. Сондай-ақ көрмеге «Dalatex» компаниясының текстиль бұйымдары, «Өркен Әлем» ЖШС шығаратын жеке

қорғаныс құралдары қойылған.

Президент кәсіпкерлермен әңгімелесу барысында шағын және орта бизнесті өркендету үшін мемлекет тарапынан жаңа жақты қолдау көрсетілетінін айтты. Өндіріс орнында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мемлекет басшысына Қызылорда өңірінің әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны жөнінде баяндады. Аймақ басшысының айтуынша, Қызылорда облысының жалпы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінде өсім байқалады. Атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібі 115,8 пайызға (227 млрд теңге), ауыл шаруашылығы 101,6 пайызға (157 млрд теңге), құрылыс 126,4 пайызға (117 млрд теңге), тұрғын үйлер салу 118,9 пайызға (618 мың ш.м), сауда-саттық 104,1 пайызға (531 млрд теңге) артқан. Негізгі капиталға құйылған инвестиция көлемі биыл 472 миллиард теңгеге жеткізу жоспарланып отыр. Оның басым бөлігі жеке инвестицияларға тиесілі.

Облыста «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында алдағы үш жыл ішінде 21 мектеп салу жоспарланған. Қазіргі кезде Қызылорда қаласында физика-математика бағытындағы мектеп-интернаттың, емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың, Қан орталығының құрылысы жүргізіліп жатыр. «Ауылдық денсаулық сақтау жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 27 медициналық-амбулаториялық нысан салынууда.

Бұған қоса, өңірде бірқатар спорт және әлеуметтік-мәдени нысан бой көтереді. Атап айтқанда, жуырда 7 мың орындық Орталық стадионның, жабық бассейні бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталады. Аудандарда шағын 11 дене шынықтыру кешенін салу үшін

жергілікті бюджеттен 2,6 миллиард теңге бөлінген. Облыс орталығында салынып жатқан Өнер орталығы жыл аяғына дейін ел игілігіне пайдалануға беріледі. Нұрлыбек Нәлібаев өңірдің тыныс-тіршілігін түлетуге жергілікті кәсіпкерлер де елеулі үлес қосып жатқанын айтты. Әлеуметтік нысандар салу, демалыс саябақтарын, ойын-спорт алаңдарын, үйлердің қасбеттерін жаңарту, аулаларды абаттандыру жұмыстары демеушілердің көмегімен жүзеге асырылып келеді.

Мемлекет басшысы Сыр өңіріне жұмыс сапары аясында осы өлкенің брендіне айналған күріш өндірісімен танысу үшін «Алтын орда» зауытына барды. Кәсіпорын директоры Сағидулла Сыздықовтың айтуынша, зауыт жылына 30 мың тонна ақталған күріш өндіреді. Өнімнің басым бөлігі ішкі нарыққа, сонымен қатар көршілес елдерге өткізіледі. Президентке Қызылорда облысындағы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өнімдері таныстырылды. Көрмеге күріш өсірумен айналысатын ірі кәсіпорындардың тауар түрлері, сондай-ақ ет, сүт, кондитер және балық өнімдері, көкөністер мен жемістер қойылған.

Мемлекет басшысы Сыр бойы диқандары мен шаруаларының еңбегіне табыс тіледі. Сондай-ақ тек күріш өсірумен шектелмей, агроөнеркәсіп саласына орта бизнесті дамытуға, суды аз қажет ететін дақылдарды өсіру маңызды екеніне назар аударды. Дегенмен Президент экспорттық әлеуеті жоғары дәстүрлі күріш шаруашылығын одан әрі жетілдіруге де баса мән беру қажеттігін атап өтті. Бұл ретте Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты украиналық мамандарымен бірлесіп, күріштің басқа да сорттарын жерсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев осы өндірістің кешен аумағында былтыр іске қосылған «Ассоль» тұз өндіру зауыты да аралап көрді. Аралдың тұзын кәдеге жаратып, ас тұзын шығаратын кәсіпорында 130 адам жұмыспен қамтылған. Өнім көршілес Ресеймен қатар, Латвия, Литва, Эстония, Беларусь мемлекеттеріне экспортталады.

Мемлекет басшысы Қызылорда қаласында жақында бой көтерген «Анаға тағзым» орталығын аралап көрді. Аталған орталық елді мекендердің қолдауымен салынған. Жалпы құны – 1 миллиард 700 миллион теңге. Жобаның мақсаты – ұлттық құндылықтарды ұрпаққа мирас етіп қалдыру, дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, әйелдер еңбегін дәріптеу. Сонымен қатар қыз-келіншектер мен аналарды өмірге, тұрмысқа бейімдеу жұмысымен де айналысады. Президент орталықта қолөнер шеберлері жасаған бұйымдар көрмесін және «Қазақ елінің ұлы аналары» картинасын тамашалады. Содан кейін «Анаға тағзым» орталығындағы «Ұлт жақұты» музей залымен, «Мирас» әжелер клубымен, «Жас отау» мектебімен, «Шамшырақ» фото-видео студиясымен, психолог-медиадирекциямен танысты.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

**Кеше Канар аралдарына жақын маңда ашық теңізге шығып кетіп, бағыт-бағдардан айырылып қалған 425 мигрант құтқарылды.**

Испанияның Жағалау күзетінің хабарлауынша, олардың басым бөлігі медициналық көмекке мұқтаж. Алыс жол жүріп келгендердің жартысы Гран Канария аралына орналастырылды. Жыл басынан бастап Канар архипелагына 15 мыңға жуық мигрант келген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 20%-ке көп екенін айтады шекара қызметі.



**Голливудта қаламгерлердің 150 күнге созылған ереуілі аяқталды.**

Бұл соңғы онжылдықта болған ең ұзақ ереуілі болып отыр. Сценаристер мен жазушылар киностудиялармен ортақ келісімге келе алды. Олар АҚШ Кино және теледидар продюсерлері альянсымен 3 жылдық еңбек келісім-шартына отырған. Альянс жалақыны өсіру және жасанды интеллектті пайдалану кезінде қаламгерлердің мүддесін ескеруге уәде берді. Жақын арада фильмдер мен сериалдар түсірілімі қайта басталмақ.



**Бүгін Израиль мен Палестина арасындағы қарулы қақтығыстың бесінші күні.**

Екі жақтан да құрбандар бар. Еврей мемлекетінің денсаулық сақтау министрі 900-ден аса адамның қайтыс болғанын хабарлады. Тағы 2 жарым мыңнан астамы жарақат алған. Палестина тарабының тиісті министрлігі 700-ге тарта кісінің қазасын растады. Тағы 3700-ден астамы жараланған. Құрбандар арасында шетелдіктер де бар. Жалпы Таяу Шығыстағы ахуалдың танышталатын түрі жоқ.





## ӘДІЛЕТТІЛІК ПЕН БӘСЕКЕ БІРІНШІ ОРЫНДА ТҰРУЫ ТИІС

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 23 қыркүйек пен 8 қазан аралығында Қытайда өткен XIX жазғы Азия ойындарының жүлдегерлерін қабылдады. Мемлекет басшысы спортшыларды жүлделерімен құттықтады. Сондай-ақ жуырда Ризабек Айтмұхан еркін күрестен қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы атанғанын еске салды.

Бәсеке өте жоғары болған Азияда ойындарында ел құрамасы 10 алтын, 22 күміс, 48 қола медаль иеленді. Атлеттеріміз нысана көздеу, ескек есу, веложарыс, джиу-джитсу спортынан үздік шықты. Мемлекет басшысы қаратөден жалпы командалық есепте бірінші орын алған Қазақстан құрамасын ерекше атап өтіп, осы спорт түрінен Азиядағы қатысқан 8 спортшының бәрі жеңіс тұғырына көтерілгеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев спортшыларымыздың жеңіске жетуіне бапкерлер және басқа да мамандар айрықша үлес қосқанына тоқталды. Осы орайда Мемлекет басшысы спортта жеңіс пен жеңіліс қатар жүретінін атап өтті. «Қажырлы еңбек пен жеңіске деген мұқалмас ерік-жігердің арқасында әрқайсыңыз жоғары нәтижеге қол жеткіздіңіздер. Алайда еліміздің жалпы көрсеткіші өткен Олимпиада мен Азияда ойындарынан да өте жақсы болуы мүмкін еді. Мұны ашық айтуымыз керек. Бокс, ауыр атлетика, еркін және грек-рим күрес дәстүрлі түрде ел құрамасының қоржынына жүзде салып, айтарлықтай үлес қосатын. Жеңіл атлетика, спорттың командалық түрлері жанкүйерлерімізді көбірек қуанышқа бөлейтін. Барлық спорт түрі бойынша кеткен қателіктерді түзету үшін ауқымды жұмыс атқару қажет» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев спорт саласы әрдайым мемлекеттің назарында болатынын айтты. Жыл сайын спортты дамыту үшін қомақты қаржы бөлінеді. Алайда Президенттің пікірінше, еліміздің кәсіби

спорттағы көрсеткіштері аса жоғары деңгейде емес. «Ашығын айтуымыз керек, нәтижеміз мемлекеттен бөлініп жатқан қаражаттың барынша тиімді жұмсалмайтынын көрсетеді. Мұндай жағдайға жол беруге болмайды. Спорт саласына түбегейлі өзгерістер, яғни реформа қажет. Тиісті министрлік осы мәселені жан-жақты қарап, спортты дамытудың мүлде жаңа жолдарын ұсынуы керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жуық арада спортты дамыту үшін қабылдануға тиіс нақты іс-шараларға тоқталды. Президенттің айтуынша, ең алдымен, кәсіби спорт түрлеріне бөлінетін қаражаттың қайтарымын түбегейлі арттыруға көңіл бөлген жөн. Өңірлердің ерекшеліктеріне сәйкес нақты спорт түрлеріне баса назар аударып, қаржыны негізсіз жұмсау тәжірибесін тоқтату қажет. Сонымен қатар бұқаралық спорт пен дене шынықтыруды дамытуға көңіл бөле отырып, аталған саланы қаржыландыру моделін қайта қараған дұрыс.

Президент спорт саласын басқару сапасын жақсартуды келесі басымдық ретінде атап өтті. «Туризм және спорт министрлігі, Ұлттық олимпиада комитеті (ҰОК) және федерациялар арасында үйлесім жоқ. Спортты басқару институттарының қызметі мен өзара ықпалдастығына қатысты бүкіл жүйені қысқа мерзімде қайта қарау қажет. ҰОК-нің қызметін жетілдіру ісіне де назар аудару керек. Туризм және спорт министрлігі, ҰОК және федерациялардың жұмысын үйлестіруді түбегейлі жолға қою керек.

Тиімді байланыстың, ықпалдастықтың және өзара жәрдемдесудің болмауы жақсы нәтижеге жеткізбейді, яғни, жеңіліске әкеп соқтырады. Париж Олимпиадасы қарсаңында мұндай келеңсіздікке жол беруге болмайды. Мемлекеттің бюджетінен қаржыландырылатын спорт федерацияларының қызметіне ревизия жасау қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент ұлттық құраманың дайындық деңгейін арттыру мәселесін негізгі міндеттің бірі ретінде атады. Мемлекет басшысының пікірінше, атлеттеріміздің жоғары деңгейде дайындалуы үшін спорт медицинасы мен фармакология бағытындағы заманауи инфрақұрылыммен жабдықтау маңызды. Бұл жерде Ұлттық спорт университеті негізгі рөл атқарады. Сондықтан оның құрылысын жылдамдату керек. Спорт саласында әлемдік деңгейдегі төрешілерді дайындауға күш салу қажет. Сондай-ақ жаттықтырушылар мен басқа да спорт мамандарының жалақысын көтеріп, қосымша әлеуметтік қолдау шараларын қабылдаған жөн.

Мемлекет басшысы спортшылардың резервін даярлау мәселесіне арнайы тоқталып, Үкімет пен әкімдер дарынды әрі болашағынан зор үміт күттіретін атлеттерге қолайлы жағдай жасауға тиіс екенін айтты. «Елімізде үздік нәтижеге қол жеткізу үшін барын салып, еңбек етуге әзір қыз-жігіттер жеткілікті. Легионерлерге иек арта бермей, өзіміздің спортшыларымызға жол ашуымыз керек. Фаворитизм мен әділетсіздіктің кез келген түріне тосқауыл қойып, іріктеудің ашық және шынайы өткізілуін қамтамасыз ету аса маңызды. Халықаралық жарыстарда ел намысын үздіктердің үздігі ғана қорғауы керек. Отандық спортта әділеттілік қағидаты мен бәсекеңің шынайылығы бірінші орында тұруға тиіс» деді Президент.

## АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Жиында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі проблемалар қарастырылды.



Отырыс барысында елдің азық-түлік тәуелсіздігін нығайтуға қатысты бірқатар мәселе талқыланды.

Жиынның күн тәртібіне сәйкес Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғарин сөз сөйледі. Сондай-ақ қабылданған және жоспарланған шаралар туралы бірқатар уәкілетті мемлекеттік орган басшылары есеп берді.

Талқылау нәтижесі бойынша Мемлекет басшысы халықты қолжетімді әрі сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін негізгі басымдық ретінде атап өтті.

Азық-түлік тауарларын өндіру мен сатудың барлық сатысында баға белгілеудің ашық болуы, өнімсіз делдалдармен күрес жүргізудің маңызды екеніне назар аударылды.

Демографиялық үрдістерді ескере отырып, азық-түліктің физикалық тұрғыда қолжетімділігінің перспективалары еңбек өнімділігінің өсуіне, ауыл шаруашылығы мен отандық аграрлық ғылымның жаңғыруына тікелей байланысты екені атап өтілді.

Жерді тоздану қорғау шараларын жандандыру өзекті мәселе болып отыр. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту процесін жүйелі түрде ұйымдастыру және жергілікті жағдайға бейімделген меншікті тұқым қорын құру үшін жаңа тәсілдер қажет.

Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы саласына көрсетілетін мемлекеттік

қолдау шараларына ерекше назар аударылды.

– Субсидиялау агроөнеркәсіп кешеніндегі өнімділікті арттыруға ықпал етуге тиіс. Субсидияны бөлу кезінде өңірлік ерекшеліктерді, егіс алқаптарының көлемін және ауыл шаруашылығы дақылдарын таңдауды ескерген жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент азық-түлік өнімдерін өндірумен айналысатын шаруалар мен кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау көрсетуді талап ететін экономикалық конъюнктураны өзгертуге жедел назар аудару қажеттігіне назар аударды.

Ауыл шаруашылығы өндірісіне инфрақұрылым тұрғысында қолдау көрсету ісі (ауылда жұмыс орнын ашу, фитосанитариялық және ветеринариялық қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру) арнайы мәселе ретінде қарастырылды.

Бұл ретте құқық қорғау органдарына ауыл шаруашылығы мақсатына арналған субсидиялар мен жерлерді бөлу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстарын жалғастыру тапсырылды.

Мемлекет басшысы жиын соңында Үкімет пен уәкілетті органдарға азық-түлік тәуелсіздігін нығайту, азық-түліктің экономикалық тұрғыда қолжетімді болуын арттыру және отандық агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін анағұрлым толық іске асыру жөнінде нақты тапсырмалар берді.

## МАГИСТРАЛЬДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БИЫЛ АЯҚТАЛАДЫ

Биыл елордада орталық жылу магистралінің құрылысы аяқталады. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Қаланы жылумен, сумен жабдықтау және тағы басқа қуатын арттыратын бірқатар инфрақұрылым нысандарын салып жатырмыз. Биыл орталық жылу магистралінің құрылысын аяқтауды жоспарлап отырмыз. Хусейн бен Талал көшесінің, Мәңгілік ел даңғылының, №28 көшенің және Тәуелсіздік даңғылының шекарасында орналасқан тұрғын үй кешендері келесі жылыту маусымынан (2024-2025 ж.ж.) бастап орталық жылытуға ауыстырылады. Жылу магистралінің өзі №3 жылу-электр орталығынан күш алатын болады» деп жазды қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

Әкім қазан айында «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станциясының, «Тұран» газ



жылу станциясының бірінші кезеңінің, №3 жылу-электр орталығының бірінші кезеңінің құрылысы аяқталғанын жет-

кізді. Жалпы, қазіргі жылыту маусымында бұл нысандар қаланы 1000 Гкал/сағ астам жылумен қамтамасыз етеді.

Үндістанның солтүстігіндегі жойқын су тасқынынан 100-ден астам адам, оның ішінде 22 әскери қызметкер із-түзіс жоғалып кетті.

CNN арнасының мәлімдеуінше, Үндістанның солтүстік-шығысындағы Сикким штатындағы су тасқыны кем дегенде 14 адамның өмірін қиып, жолдарды шайып, 11 көпірді қиратты. Лхонак көлі мен Тисто өзені арнасынан асып, су қалыпты деңгейден алты метрге көтерілді. Табиғи апат оқыстан болғандықтан, төтенше жағдайлар қызметі дайындалып үлгермеген.



Тәліптер Ауғанстандағы Қытай азаматтарының қауіпсіздігіне кепілдік берді.

«Қытайға төнген лаңкестік қауіп «өзімізге сын». «Талибан» қозғалысының басшылығы Бейжіңге осындай мәлімдеме жасады. Ауғанстан Сыртқы істер министрі Амир Хан Муттақи тәліптер Ауғанстандағы Қытайды нысанаға алған лаңкестік әрекеттерге жол бермейтінін айтты, деп хабарлайды SCMP. Тибеттің Нинчи қаласында Қытай Сыртқы істер министрі Ван Имен сөйлескен Муттақи Талибанның лаңкестікпен күресуде үлкен жұмыс атқарғанын айтты.

## БЕЙБІТШІЛІККЕ ҮНДЕЙТІН ЖАҒАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ҚАЖЕТ

Жиынды ашып, сөз сөйлеген Сенат төрағасы – Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың кездесуге қатысушыларға арнаған үндеуін оқып берді. Мемлекет басшысы 20 жылдың ішінде Съезд дінаралық татулық пен келісімді нығайтуға және толеранттылық пен өзара қолдау идеяларын дәріптеуге үлес қосқанын, сондай-ақ маңызды әлемдік түйткілдердің шешімін табуға ықпал еткенін атап өтті. «Басқосу аясында әлемнің рухани көшбасшылары жаһан жұртын алаңдатқан өзекті мәселелерді талқылап, бейбітшілікті сақтау және өзара құрмет пен сыйластықты насихаттау туралы ойларын ортаға салады. Қазір геосаяси ахуал ушығып, түрлі сын-қатер ұшығып тұр. Осы алмағайып кезеңде ізгілік, мейірімділік, бауырмалдық, жауапкершілік сияқты қағидаттардың

қадірі арта түсті. Сондай-ақ халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін қалыптастыру өте маңызды мәселеге айналды. Ол үшін әлем халқын бейбітшілікке шақыратын жаңа жаһандық қозғалыс қажет. Бұл ретте дін көшбасшылары айрықша рөл атқарады. Рухани лидерлер осы бағытта күш жұмылдырып, барша адамзатқа ортақ проблемаларды шешуге сүбелі үлес қосады деп сенемін. Хатшылықтың бүгінгі отырысы да осы мақсатқа орай ұйымдастырылып отыр» делінген Мемлекет басшысының үндеуінде.

Жиынға қатысушылар Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықаралық қауіпсіздіктің берік жүйесін құру және сын-қатерлер мен проблемаларды еңсеру мақсатында бейбітшілікке шақыратын жаңа жаһандық қозғалыс құру туралы идеясына қолдау білдірді. Съезд Хатшылығының келесі XXII отырысы 2024 жылдың күзінде Астанада өтеді.



№121 (4554) 12/10/2023 Бейсенбі



**Жарқынбек Амантайұлы,**  
Парламент Мәжілісінің депутаты:

## ӨРЛЕУ МЕН ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына биылғы Жолдауынан түйгеніміз көп.

Әлемде геосаяси және геоэкономикалық жағдай тұрақсыз. Санкциялық тегектірес ушығып барады. Осы алмағайып кезеңде тұрақты дамудың жолын табу – қиынның қиыны. Қазір төртінші өнеркәсіптің революция қарсаңында әлем елдері өркендеудің жолын іздеуде. Жердің астындағы және үстіндегі шикізат қорларына емес, адами капиталдың күшіне сенім артатын кезеңге келді. Цифрландыру, IT мен жасанды интеллект – ұлттық бәсекеге қабілетті болудың басты құралына айналды.

Жолдаудан мемлекетіміздің кейбір осал тұстарын қалай бекітеміз, халықтың көкейіндегі түйткілдерді қайтсек тарқатамыз деген сауалдарға жауап алдық. Бастысы, бұл – белгісіз мерзімге жасалған жоспар ғана емес, дені алдағы үш жылда жүзеге асуы тиіс нақты міндеттер!

Президент талай жыл тамыр жайып, әр салада бір-бір қожайынға айналған монополистердің жауапкершілігін арттыруды тапсырды. Әсіресе, өңірлердегі монополисті компаниялардың әрекетіне бақылау жасап, шетелге асқан қаржыны қайтару – маңызды іс. Шынында, елдің салығын құралатын қыруар қаржыны монополист компаниялар талан-тарағға түсіріп, елдің

өркендеуіне кедергі келтіріп отыр. Бәрінен бұрын, қаншама әлеуметтік нысандар – мектеп, емхана, аурухана, спорт кешені салуға болатын қаржы шетел асты. Мұны мойындау керек, әрі жолын кесудің қаракетін батыл атқару керек. Мемлекет басшысы стратегиялық құжаттыңда осыны ашық айтып, пәрменді іс атқаруға шақырды.

Озық елдердің экономикалық қуатын көрсететін бір көрсеткіш – электр энергиясына деген қолжетімділікте. Өйткені энергетикалық қауіпсіздік – ел қауіпсіздігінің негізі. Жолдауда осы принцип басымдыққа ие болып, өркеніет нышаны саналатын электр жарығына деген тәуелділікті шешуді тапсырды. Өздеріңіз білетіндей, былтыр елдегі бірнеше қала қапаған қыста жылуысыз қалды. Соның бірі – Екібастұз қаласы. Кеншілер шаһары көмір экспортымен қатар, қолжетімді электр энергиясын өндіретін стратегиялық нысан саналады. Осы аумақтың маңызын ескере отырып, инфрақұрылымын жетілдіріп, станция қызметін жаңартып, жаңғырту міндеті тұр. Дәл қазір қалада ауқымды жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар қысқы маусымға дейін толық аяқталып, қала халқы жылуын, ел тұрғындары электр энергиясының игілігін көре беруді керек.

Еліміз, негізінен, трансшекаралық өзендердің суына тәуелді. Биылғы жылғыдай қуаңшылықпен су тапшылығын алдын

алу – ұлттың қауіпсіздігімен пара-пар өткір мәселе. Ұзаққа бармай-ақ, өзім депутат ретінде сайланған Павлодар облысындағы Ертіс өзенін алайық. Биыл көктемде Ертіс өзенінің суы жайылмай, шаруалар тығырыққа тірелді. Мұндай жағдай қайталана беретін болса, өзенді бойлай жатқан Абай және Павлодар облысындағы қарапайым халықтың әлеуметтік жағдайына теріс әсер ететіні анық. Егер Ертіс басын Қытайдан алатынын ескерсек, су мәселесін шешу ең басты қажеттілік айналғанын жақсы білеміз.

Осы орайда 20 су қоймасын салып, 15 бөгенді реконструкциядан өткізуді тапсыруы – стратегиялық тұрғыдан тарихи шешім. Өйткені ауыз су уақыт өткен сайын дүние жүзінде ең өзекті проблемаға айналды. Әрі осы жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында Су ресурстары жөніндегі министрліктің құрылғаны көзі қарақты жұрттың көкейінде жүрген жай еді.

Жолдауда инфрақұрылымды жетілдіру, ауылшаруашылығын қолдау, цифрландыруды дамыту, кәсіпкерлікті қудалауды доғару сынды аса өзекті мәселелер кенінен қамтылды.

Ендігі міндет – Жолдауды кезек-кезеңмен жүзеге асыру. Біз өз кезегімізде Мәжіліс депутаттары ретінде осы сессияда міндеттерді іске асыруды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ететін боламыз.



“”

**ИГЕРІЛМЕЙ ЖАТҚАН НЕМЕСЕ ЗАҢСЫЗ БЕРІЛГЕН 8 МИЛЛИОН ГЕКТАР ЖЕР МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ. МЕН НАҚТЫ ІСКЕ АСҚАН ШАРАЛАРДЫҢ БІР БӨЛІГІН ҒАНА АТАП ӨТТІМ. ШЫН МӘНІНДЕ, КӨП ЖҰМЫС АТҚАРЫЛДЫ, БОЛАШАҚТА ДА ӨЗ ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ**

Қасым-Жомарт Тоқаев  
Қазақстан Республикасының Президенті

**Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,**  
Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, ҰҒА академик:

## ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында ел экономикасының қазіргі жағдайын талдай отырып, оның ішінде ең маңызды екі мәселеге ерекше тоқталып, минералды-шикізат секторы және агроөнеркәсіптік кешен болып табылатын сала-ларды дамытуға мән беру керектігін атап көрсеткен болатын.

Бірінші мәселе бойынша Президентіміз геологиялық барлау ерекше назар аударуды қажет ететіндігін, 2018 жылы толықтыру мақсатында тау-кен саласын басқару бойынша жаңа заңнама қабылданғанмен, ол толық нәтиже бермегенін, соның салдарынан ресурстарға бай елімізде көптен бері айтарлықтай геологиялық ашылулар болмағанын тілге тиек етті.

Ауыл шаруашылығы саласына қатысты Мемлекет басшысы: «Заманауи ғылымсыз саладағы жағдай тұралап қана қоймай, одан бетер нашарлайды. Аграрлық ғылымды дамыту, ең бастысы, оны ауыл шаруашылығында іс жүзінде қолдану шаралары қолға алынуы керек» деп ғылымдардың алдына үлкен міндеттер жүктеген болатын.

Осыған орай, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының (ҚазҰЖҒА) академиктері минералдық, шикізаттық және ауыл шаруашылығы секторларын

ғылыми қамтамасыз етудің маңыздылығын ескере отырып, Мемлекет және қоғам қайраткері, ҚазҰЖҒА Президенті, экономика ғылымдарының докторы, академик Нұртай Әбіқаевтың төрағалығымен өткен Төралқа отырысында академияның саладағы қызметі аясында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауындағы геология және ауылшаруашылығы саласы бойынша тапсырмаларын іске асыру шаралары талқыланды.

Минералды ресурстар академиясының президенті, техника ғылымдарының докторы, ҚазҰЖҒА академигі Б.Ұжженов Қазақстан экономикасының пайдалы қазбалар, тау-кен өндіру және өңдеу секторларын ғылыми қамтамасыз ету үшін геология ғылымын дамыту бойынша ұсыныстарын алға тартса, ҚазҰЖҒА вице-президенті, техника ғылымдарының докторы, академик Д.Қ.Әбілхайыров «Ғылым» қорының қаржылық қолдауымен С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғылымдары әзірлеген ғылыми-техникалық жобаны жүзеге асыру туралы баяндады. Егіншілік жүйесінде минералды тыңайтқыштарды саралап қолданудың жаңа автоматтандырылған техникалық құралдарын құру, топырақ құнарлығын сақтауды қамтамасыз ету және тыңайтқыштардың шикізаттық және ауыл шаруашылығы секторларын

арттыру жолдары туралы ұсыныстар академиктер тарабынан қолдау тапты.

«Қазақстан Республикасының ғылым және ғылыми-технологиялық саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына академиктердің ұсыныстары туралы ҚазҰЖҒА вице-президенті, техника ғылымдарының докторы, академик Ә.Зейнуллин айтып берді. Бұл ретте ғылымды дамытуда мемлекеттік тапсырыстың рөлі, патенттеуге жаңа көзқарас қалыптастыру, ғылыми жаңалықтарды өндіріске ендірудің оңтайлы жолдары, ғылыми мекемелердің материалдық-техникалық жабдықталуын қамтамасыз ету, жаңа тұрпатты ғылыми-кадрлар дайындау өзектілігі бойынша құнды пікірлер күзиреті мемлекеттік органдарға жіберілетін болды.

Мемлекет басшысының тапсырмасын іс жүзінде жүзеге асыруға бағытталған Іле өзені бассейнінде, Қапшағай және Балқаш қалаларында жасыл белдеу қалыптастыру бойынша экологиялық жоба туралы және республикада сутегі энергетикасын дамыту бойынша әзірленіп жатқан ғылыми-техникалық бағдарлама жобалары туралы да мәселелер күн тәртібінде қаралды.

Төралқа отырысының қорытындысы бойынша академиктер еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыруға атсалысуға дайын екендерін білдірді.



**Асқар Смағұлов,**  
Астана қаласы мәслихатының депутаты:

## ӨЗ ӨНІМДЕРІМІЗДІ ШЫҒАРУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты биылғы Жолдауында көптеген саланың мәселелері қамтылған. Президент басты бағдарды ел экономикасының дамуына қойды. Шикізатқа тәуелділіктен арылу үшін Қазақстанда берік өнеркәсіптік негіз қалануы керек. Еңбек ресурстарымызды пайдаланып, өзіміздің өнімдерімізді шығаруымыз қажет. Қазақстанда азық-түліктен бастап қару-жараққа дейін бәрі шығарылғаны жөн.

Менің пікірімше, ауыр машина жасауға, автобөлшектерді шығаруға, металл, мұнай мен газды терең өңдеуге және көмір химиясына басымдық беру керек. Қазақстан уран өңдеуден әлемде жетекші орындардың біріне алып отыр. Мұндай ресурсқа ие мемлекет тек қана шикізат экспорттаушы ел болмай, өзінің атомдық генерациясын қалыптастыру керек. Елімізде атом электростансасын салу туралы әртүрлі пікірлер бар. Бұл мәселеде соңғы нүкте референдумда шешіледі. Әрине, соңғы сөзді халық айтады.

Еліміздің туристік әлеуетін де ел дамуына пайдалану керек. Туризм шетел валютасының ағынын қамтамасыз етеді және төлем балансы мен қиынның экспорт сияқты экономикалық көрсеткіштерге оң әсерін тигізеді. Сондай-ақ ол елдің инфрақұрылымын дамытуға ықпал етіп, халықтың жұмыспен қамтылуын арттыруға септеседі.

Ауыл шаруашылығы мен агроғылымды да дамыту керек. Заманауи ғылым болмаса, саладағы жағдай тоқырап қана қоймай, нашарлай түседі. Сондықтан дақылдарды өртараптандыру, жоғары рентабельді дақылдардың аудандарын ұлғайту, сондай-ақ суды көп қажет ететін және монокультуралық дақылдарды азайту қажет.

Елімізде орта кәсіпкерліктің дамуы да баяу. Президент бизнес-ті қолдауды және құқық қорғау органдарының кәсіпкерлерді қудалауын біржолата тоқтатуды тапсырды. Ал экономика ашық және бәсекеге қабілетті болуы үшін барлық бейінді емес активтерді мемлекет үшін ашық және тиімді шарттарда нарыққа беру қажет. Мемлекет басшысының «Самұрық-Қазына» қорының бейінді емес активтерін мен халықтық IPO-ларын жекешелеуді бастау туралы хабарлауы – біздің экономикамыздың дамуындағы маңызды қадам. Бұл бастама активтерді басқаруды жақсартады, ашықтықты арттырады және елімізге инвестиция тартады.

Air Astana әуекомпаниясы мен QazaqGaz компаниясының Халықтық IPO жоспары, сондай-ақ ірі компанияларда мемлекеттік активтерді іске асыру экономиканы әртараптан-дыруға және неғұрлым бәсекеге қабілетті бизнес-сектор құруға ұмтылысын көрсетеді. Бұл да өз кезегінде жаңа мүмкіндіктер мен жұмыс орындарының артуына жол ашады.

Мен бұл бастамадан біздің ай-

мақ үшін кең перспективаларды көріп отырмын. «Самұрық-Қазына» қорының жекешелеуді және IPO жоспары экономиканың саналуандығына, инновацияларды ынталандыруға және бизнес сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылысымызды көрсетеді. Бұл қадамдар жаңа жұмыс орындарын құруға және азаматтарымыздың әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді.

Тағы бір маңызды мәселе – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратын қорғаныс-өнеркәсіп кешенін жан-жақты нығайту. Әскеріміз тиімді шарттарда броньды техникамен, ұшқышсыз ұшу аппараттарымен, заманауи атыс қаруымен қамтамасыз етілуі тиіс. Техниканы жедел жөндеу бойынша өндірістік қуаттарды нығайту, отандық кәсіпорындарды қолдауды күшейтеміз.

Су шаруашылығы жүйесін тиімді дамытумен дербес ведомство айналысуы тиіс деген идеяны қолдаймын. Суды үнемдейтін технологияларды енгізу қажет.

Теңізге шығу жолы жоқ әлемдегі ең ірі мемлекет және Жібек жолының маңызды құрлық буыны бола отырып, біздің еліміз көлік-логистикалық кешеннің дамуына толығымен тәуелді. Сондықтан мұндай әлеует біздің республикамыздың даму басымдықтарының бірі болып саналады.



## ЖҰМЫССЫЗ ЖАСТАР АЗАЙЫП КЕЛЕДІ



Елорданың коммуникациялар қызметі алаңында жастарды жұмысқа орналастыруға арналған бағдарламалар бойынша Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ директоры Олжас Омар мен Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров брифинг өткізді.

Елорданың Статистика департаментінің мәліметінше, елордада 14-35 жас аралығында 440 мыңнан астам жастар бар. Еңбекке қабілетті жастар саны – 298 мың, оның ішінде жұмыс істейтіндер – 286 мың, жұмыссыздар – 12 мың адам. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі былтыр 4,6% болса, қазіргі таңда 4%-ды құрайды.

Жастарды жұмыспен қамту – өзекті мәселе. Бұл бағытта әкімдік бірнеше бағдарламаларды іске асыруда. Олардың қатарында «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» және басқалары бар. Жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында тоқсан сайын жастарға арналған бос орындар жәрмеңкесі өткізіледі. Осы уақытқа дейін ол «Жастар» сарайында, Л.Гумилев атындағы Еура-

зия ұлттық университетінде және Есіл университетінде өткізілді. Келесі бос орындар жәрмеңкесі қазан айының 24-і ұйымдастырылмақ.

Биыл жазда 4200 жас «Жасыл ел» жобасы аясында жұмыс істеді. Олардың ішінде: көпбалалы отбасылардан шыққан бала – 2 648, толық емес отбасынан шыққан бала – 387, жетім бала – 69, оқу орнында есепте тұрған – 11, отбасында бір мүмкіндігі шектеулісі бар – 34 бала.

«Жұмыспен қамту мәселесіне келгенде міндетті түрде NEET санатындағы жастарды да атап өткен жөн деп санаймын. Яғни, NEET санатындағы жастар дегеніміз – оқу оқымайтын, жұмыс істемейтін азаматтар. Олардың үлесі биыл 6,1% немесе 25 мың адамды құрады. Оларды әлеуметтен-

діру мақсатында «Жас жігер» жобасы ұйымдастырылады» деді Олжас Омар.

Жұмыс мамандықтарын таны- мал ету мақсатында «Үздік» жобасы іске асырылуда. Бұл уақытқа дейін «Үздік тігінші», «Үздік ағаш ұстасы» байқаулары бойынша жеңімпаздар анықталды. Алдағы уақытта басқа да мамандықтар бойынша байқаулар өтетін болады. Жастар арасында мемлекеттік бағдарламаларды, соның ішінде жұмыспен қамту саласындағы бағдарламалар мен жобалар туралы жастарды кеңінен ақпараттандыру мақсатында ақпараттық буклеттер таратылады.

– Қалада жастарға қызмет көрсету орталықтары және «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері бар. Бұл пункттерде елорда тұрғындары жұмыс және цифрлық дағдыларды игеру бойынша тегін кеңес, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шаралары мен жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпарат ала алады. «Freelance мүмкіндік» жобасына жазылуға болады. Бұл жоба – қазіргі таңда әлемде және Қазақстанда сұранысқа ие цифрлық дағдыларға оқытуды ұсынатын жоба. Олар: таргетолог, SMM, видеограф, маркетплейс, мобилограф, графикалық дизайнер және веб-дизайнер, – деді өз сөзінде Қайрат Қамбаров.

Аталмыш жоба аясында өз саласында 6 жылдан астам кәсіби тәжірибесі бар, жетекші компаниялармен жұмыс істеген курс оқытушыларымен келісімшарт жасалған. Курс студенттерінің BS Company, PR Agency, Мир керамики, NV Clinic және т.б. компанияларда тағылымдамадан өту және жұмысқа орналастыру мүмкіндігі қарастырылған. Қазіргі таңда 177 адам бірінші топ қатарында оқуын бастады. Курс соңында қатысушылар сертификат алады, ал олардың түйіндемелері «JUMYS TAP» Telegram-ботында тегін жарнамаланады. Айта кетейік, бұл шаралар «JOLTAP» жобасы аясында өткізілуде және оқыту толықтай тегін.

Кеше елордада Дүниежүзі қазақтарының «Отандастар форумы» өтті.

## ҚАНДАС АҒАЙЫНДАР АСТАНАДА ҚАУЫШТЫ

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Салтанатты шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауымен ашылды. Қазақстан Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев жеткізген құттықтау хатта «Отандастар форумы – халқымыз үшін айрықша мәні бар басқосу. Қазақта «кеңеспен пішкен тон келте болмас» деген сөз бар. Ата-бабамыз қашан да елдік мәселелерді алқалы жиында ақылдасып шешкен. Осы орайда, шетелдегі қазақтармен жан-жақты байланысты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және басқа да өзекті мәселелерді өздеріңізбен бірге талқылаудың маңызы зор» делінген.

Сондай-ақ Президент азаматтардың қай мемлекетте мекен еткеніне қарамастан, бір ғана тарихи отаны бар екенін айырықша атап өтті. «Қазақстан азаматтығын және «қандас» мәртебесін алу тәртібі жеңілдетілді. Шетелдегі қазақ кәсіпкерлері үшін «Ата жолы» қартасы енгізілді. Басқа да

маңызды жұмыстар атқарылып жатыр. Бүгінгі жиынға әлемнің әр түкпірінен арнайы келген қандастарымыз бен мәртебелі меймандарға шынайы ризашылығымыз білдіреміз. Басқосуда алыстағы ағайынмен байланысты нығайтуға септігін тигізетін салықалы ой, салмақты пікір айтылады деп сенеміз» деп жазылған Президенттің құттықтау хатында.

Шетелдегі этникалық қазақтармен қарым-қатынасты дамыту және оларды еліміздің тұрақты дамуына үлесін қосуға жол ашу мақсатында өткен бұл форумға қатысқан 200-ден астам қазақ ұйымдарының басшылары, белсенді және танымал тұлғалармен қатар, отандық ғылым, білім, мәдениет, спорт, бизнес, медиа, саясат, қоғамдық ұйымдар және басқа да салалардың өкілдері қатысты.

– Форумға 40-қа жуық мемлекеттен 200-ге жуық делегат келді. Бұл форум екінші рет өтіп отыр. Бұған дейін 2019 жылы өткен. Форумның басты ерекшелігі – ауқымдылығы, делегаттар санының көптігі, – деді «Отандастар» қорының президенті Абзал Сапарбекұлы.

## ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ – КІСІЛІКТІҢ БЕЛГІСІ

Қазан – Қазақстанда үлкендерге қамқорлық көрсету дәстүрге айналған ай. Бұл күндері егде адамдарды әлеуметтік қолдау айлығы өтеді. Қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік органдар өкілдері мен елдің қарапайым азаматтары үлкендерге ерекше көңіл бөліп, қамқорлық танытады. Осы ретте елорда әкімдігінің, сонымен бірге әуелі Целиноград, сосын Ақмола және ақырында елордасы – Астананың жергілікті атқарушы органдарында әр жылдары еңбек еткен ардагерлер де назардан тыс қалмай, олардың басын қосқан жиын өтті.

Кездесуді сөз сөйлеп ашқан, әкімдік жанындағы бастапқы ардагерлер ұйымының төрағасы А.Жанатаев жиынға қатысқандарды мерекемен құттықтап, олардың қатарымызда ұзақ та тың қалпында жүруіне тілектестік білдірді.

– Сіздердің табанды еңбегіңіз өскелең ұрпақ үшін үлгі мен өнеге болды. Себебі сіздер елорданың қалыптасуы мен дамуына тікелей қатысып, бел ортасында жүрдіңіздер, – деп атап өтті ол.

Қалалық ішкі саясат басқармасы-

ның басшысы Н.Әлмұханов пен оның орынбасары А.Сәбит те құттықтау тілектерін жеткізді. Сонымен қатар аға буын өкілдеріне ұдайы қамқор көңіл білдіріп, қолдағаны үшін қала әкімі Жеңіс Қасымбекке, қала әкімі аппаратының басшысы Д.Ешкеевке алғыс айтылды.

Кездесу барысында танымал әндерді шырқаған өнерпаздар көпшіліктің көңілін көтеріп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Жиыннан естелік ретінде барлық қатысушыларға «Астанаға 25 жыл» кітабы сыйлық ретінде берілді.

## БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Кеше «Астана пошта» мекемесінде «Баспасөзге жазылушылар күні» мерекесі өтті.

Ғалым  
ҚОЖАБЕКОВ

Қазақстан пошта қызметінің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылған мерекелік іс-шарада журналистер мен оқырмандар жүздесіп, бүгінгі таңдағы баспасөздің тыныс-тіршілігі жайында сұхбаттасты. «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана», «Айқын», «Литер», «Түркістан» және басқа да газет-журнал жетекшілері оқырмандар мен пошта мекемесі қызметкерлеріне алғыстарын білдірді. Өз кезегінде «Қазпочта» АҚ Астаналық филиалының директоры Бахытжан Маликова да баспасөз редакцияларымен тығыз іскерлік қарым-қатынаста болып, мерзімді басылмаларды тарату бойынша жүйелі жұмыстар жалғаса беретінін жеткізді.

«Баспасөзге жазушылар күні» мерекесіне арнайы келіп, 2024 жылға «Астана ақшамы» газетіне бірінші болып жазылу мерзімді газет-журналды Қуаныш Жиенбай болды.

«Баспасөз деген, бұл – қоғамның айнасы. Адамның рухани бай әрі сауатты болуы үшін мерзімді газет-журналды оқудың пайдасы орасан. Міне, баспасөзге жазылу науқаны басталып отыр, сондықтан мен қала тұрғындарын астаналық газеттерге жазылуға



шақырамын. Екі-үш рет асханаға баратын ақшаға бір жыл бойына газетке жазылуға болады, яғни бір жыл бойы рухани азық алып тұрасыз дегім келеді. Өзіміздің ана тілімізде шығатын газеттердің оқырманы көп болса екен деп тілеймін» деді белгілі қаламгер. «Вечерняя Астана» газетіне бірінші болып жазылған Евгения Наймушина да астаналық газеттердің тұрақты оқырманы болып жүргенін айтты. «Мен үшін «Вечерняя Астана» газеті

қаламыздың энциклопедиясы сияқты. Бүкіл ақпаратты астаналық газеттерден аламын» дейді Евгения Феликсовна.

Мерекелік шара барысында «Elorda Aqparat» медиасеріктестігі («Астана ақшамы»), «Вечерняя Астана», Elorda.info желілік басылмасы) атынан астаналық үздік пошта тасушы Нина Савицкаяға, сондай-ақ елордалық газеттердің алғашқы жазылушыларына да Алғыс хат пен естелік сыйлықтар табыс етілді.

## ҚАШЫҚТАН ОҚУҒА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАЙДЫ

Еліміз бойынша және Астана қаласында Назарбаев зияткерлік мектептері қашықтан оқыту үшін оқушылардан құжат қабылдай бастады. Аталған мектепке 5-6 сынып оқушылары үміткер бола алады. Сынақтан өткен жағдайда олар Назарбаев зияткерлік мектебінің 7-сыныбында оқу үшін конкурстық іріктеуден өтеді.

Үміткерлер vs.nis.edu.kz сайтында тіркелуі қажет. Құжаттар 18 желтоқсанға дейін қабылданады. Оқу тегін.

Қашықтан оқыту бағдарламасы математика, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін, жаратылыстану пәндері

бойынша сабақтарды қамтиды. Тындаушылар алдағы уақытта «Өркен» білім беру гранты бойынша НЗМ-ге түсу үшін өз білімдерін жетілдіре алады.

Оқуды аяқтағаннан кейін түлектер өткен материалды бекітуге арналған тест

тапсырмаларын орындайды және онлайн форматта қорытынды тестілеуден өтеді.

Тестілеуде ең жоғары балдың 50 және одан да көп пайызын жинағандар демалыс мектебіне шақыру алады. Демалыс мектебінде сабақ күндіз оқытылады.





ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ

700

ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫН  
ҚҰРУМЕН 53,55 МИЛЛИАРД  
ТЕҢГЕ СОМАСЫНА  
8 ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

## АСТАНА – ҚАРЖЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

Биыл Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай, АҚШ, Германия және тағы басқа елдерге мемлекеттік сапармен барғаны белгілі. Сапар аясында озық елдердің алпауыт корпорация басшыларымен кездесіп, елге инвестиция құюға шақырып, бизнесін дамытуды ынталандырып келеді. Себебі шетелдің ірі-ірі компанияларымен бірге заманауи технология келеді. Бәрінен бұрын, қаржы келіп, тұрақты жұмыс орындары ашылады. Біз Астананың инвестициялық әлеуеті туралы сөз етпекпіз.

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

### КӨШ БАСЫНДА ҚАЙ ҚАЛА?

Әлемнің озық елдерінің экономикалық өсімінің бір қыры – инвестиция тарту деңгейінен көрінеді. Мәселен, Халықаралық валюта қорының (ХВК) әдістемесі негізінде жүргізілген рейтингте Қытай мен АҚШ тікелей шетел инвестициясын тарту рейтингінде бірінші-екінші орынға таласып келеді. 2000 жылдардың басынан бұл үдеріс қалыптасты. 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында Қытай шетел компанияларынан 111,8 миллиард доллар инвестиция тартса, АҚШ-тың көрсеткіші – 74,6 миллиард доллар. Қыруар қаржы бизнес саласына серпініп, сервистік қызмет сапасын арттырып, жаңа жұмыс орындарын құруда септігі көп. Міне, ресми Пекин мен Вашингтон инвесторға қолайлы бизнес климат жасауға ерекше мән беруінің себебі – осы.

Әлем елдерінен бөлек, мегаполистер де инвестор тартуға мүдделік танытып, әлемнің қаржы орталығына айналуға көздейді. Жаһандық қаржы орталықтарының индексіне (GFCI) АҚШ пен Қытайдың үш қаласы кірді. Көш басында Нью-Йорк қаласы тұр. Одан кейінгі сатыға Лондон, Сингапур, Гонконг, Сан-Франциско, Шанхай, Лос-Анджелес, Пекин, Шэньчжэнь және Париж қаласы жайғасты. Бұл рейтингтің алғашқы қатарына Берлин, Дубай, Мадрид, Мәскеу, Стамбұл, Рим сынды қалалар енгендіктен, біздің Астана мен Алматыны іздеудің өзі артық. Дегенмен, Орта Азияда инвесторларға ең тартымды қаланың бірі – Астана.

Шығында, Астананы инвесторлар үшін «магнит қала» деп атайды. Елорда елдің инвестициялық қақпасы ретінде танылып

ұлгерді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен Астана қаласының әкімдігі капитал ағынына қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастырды. 2022 жылы 1 триллион 462 миллиард теңге көлемінде рекордтық инвестиция тартты. Бұл көрсеткіш елорданы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі бойынша тау-кен өндірісін өңірлер арасында көшбасшыға айналдырды. Одан бөлек, тұрғын үй құрылысы бойынша 1-орын, шикізаттық емес сектор бойынша және негізгі капиталға салынған инвестицияның жалпы көлеміне бойынша 2-орында тұр, – деді Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжанов.

2023 жылдың 8 айында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 784,6 миллиард теңгені құрады. Басты көрсеткіштің бірі – шетелдік инвестиция көлемі 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 793,7 миллион долларға жетті. Астанаға Нидерланды, Бельгия, АҚШ, Швейцария, Ресей, Оңтүстік Корея және басқа елдердің компаниялары инвестиция салды.

### ЕЛОРДА – БИЗНЕСКЕ ТАРТЫМДЫ ҚАЛА

Астана – инвестициялау үшін ыңғайлы қала. Біріншіден, географиялық тұрғыда қолайлы орналасқан. Екіншіден, ірі көліктік-логистикалық торап саналады. Үшіншіден, үлкен тұтыну нарығы бар. Төртіншіден, инфрақұрылымы қолжетімді. Бесіншіден, инвесторлар үшін мемлекеттік қолдаудың тиімді шаралары бар. Мәселен, отандық және шетел инвесторлары «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін және жобаны сүйемелдеуді жүргізетін «Астананы дамыту» орталығы мен «Astana Invest» фронт-офисіне жүгіне алады.

### САНСӨЙЛЕМ

**1 триллион  
462 млрд**

**2022 ЖЫЛЫ  
АСТАНАҒА РЕКОРД-  
ТЫҚ КӨЛЕМІНДЕ  
ТАРТЫЛҒАН  
ИНВЕСТИЦИЯ  
КӨЛЕМІ (ТЕҢГЕ)**

**784,6 млрд**

**2023 ЖЫЛДЫҢ  
8 АЙЫНДА НЕГІЗГІ  
КАПИТАЛҒА САЛЫН-  
ҒАН ИНВЕСТИЦИЯ  
КӨЛЕМІ (ТЕҢГЕ)**

– Инвестициялық келісімшарт механизмі жер учаскесін беру, кедендік баж және салықтан босату, шетелдік жұмыс күшін тарту мүмкіндігі қарастырады. Қолдаудың тағы бір тетігі – «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» заңнамаға сәйкес берілетін жеңілдіктер. Бұл басымдық «Астана – жаңа қала», «Астана – Технополис» арнайы экономикалық аймағының қатысушыларына ұсынылады. Өз

**P.S:** Лондон, Сингапур, Шанхай, Лос-Анджелес сынды қалаларға инвесторлар өздері қаржы құюға ниетті. Өйткені кәсіпті тіркеу және жүргізу, кеден және салық бойынша жеңілдіктер қарастырылған. Бәрінен бұрын сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігі жоғары. Астана қаласында да осындай үдеріс қалыптасып келеді.

кезегінде шетел инвесторына жер учаскелерін, кейбір салықтар мен кедендік баждардан босатуды және сырттан жұмыс күшін тарту жеңілдігін береді, – деп басқарма басшысы елорданың инвесторға тартымды болуының сырын айтты.

Астананы шағын және орта бизнес саласына қолайлы етуде индустриялық парктер оң әсер етеді. №1 Индустриалды парк аумағы түрлі салада қызмет ететін бизнес субъектілері шоғырланды. Алдағы уақытта 409 гектар болатын 150 жобаға арналған екінші парк құрылады. Жобаның мерзімі – 2024-2025 жыл. Басқарма басшысынан екінші парк туралы сұрадық.

– Онда машина жасау, химия, металлургия, тамақ және жеңіл өнеркәсіп, құрылыс индустриясы, ағаш өңдеу, фармацевтика, агроөнеркәсіп кешені және тағы басқа бизнестің бағыттары бойынша жұмыс істейді. Екінші парк резиденттері үшін кедендік баждар мен салықтардан босату, жер учаскесін өтеусіз қосалқы жалдау және ШЖК-ны квотадан тыс тарту мүмкіндігі қарастырылады. Жеңілдіктің бұл түрі шетелдік инвесторларын қызықтыратыны анық, – деді ол.

Елордаға инвесторлар 1,1 триллион теңге қаржы құйып, оған 163 жобаны қамтитын 15,9 мың жаңа жұмыс орны құрды. Сөйтіп, бас қала инвестициялық жобалардың бірыңғай пулына айналды.

– 2022 жылы 39,7 миллиард теңге сомасына 10 жоба пайдалануға берілді, 1,1 мың жаңа жұмыс орны құрылды. 2023 жылы 1,7 мың жұмыс орнын құра отырып, жалпы сомасы 84 миллиард теңгеге 25 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланды. Жыл басынан бері 700 жаңа жұмыс орнын құрумен 53,55 миллиард теңге сомасына 6 жоба іске қосылды. Атап айтсақ, «Rainbow Logistic» ЖШС логистикалық паркі, «АлауМедСервис» ЖШС-нің медициналық орталығы, «Астана-Авто-Строй» ЖШС-нің асфальт-бетон зауыты, «КТКС» ЖШС бетон өндіру зауыты, «ЭНКО» ЖШС қойма кешені, «Астана-ПластСтрой» ЖШС терезелер мен балкон жұптарын дайындау және монтаждау және «Тәп-тәтті» ЖШС кондитерлік, ұн және нан-тоқаш өнімдерін дайындау бойынша өндірістік кешені іске қосылды. Жыл аяғына дейін 1 мың жұмыс орнын құрумен жалпы сомасы 30,3 миллиард теңгеге тағы 17 инвестициялық жоба іске қосылады, – деді басқарма басшысы Халел Әкімжанов.

## КИБЕРҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астанада «Касперский зертханасы» киберқауіпсіздік мәселелері бойынша Kaspersky cyberday панельдік сессиясын өткізді, деп хабарлады Florda.info.

Еуразия ұлттық университетінде өткен кездесуде мемлекеттік және білім беру құрылымдары өкілдері Қазақстандағы киберқауіпсіздіктің өзекті аспектілері туралы панельдік пікірталас өткізді. Шараға 500-ден астам тыңдаушы қатысты. Оның ішінде ЖОО оқытушылары мен басқа да мекеме ғалымдары, студенттер, IT-мамандар бар.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Astana IT University және «Касперский зертханасының» өкілдері кадрларды даярлаудың өзекті тақырыптарын ортаға салды. Негізінен, бизнес пен өнеркәсіптік ортадағы киберқорғау стратегиялары талқыланды. Қатысушыларға киберқауіпсіздіктегі мансаптық болашақ туралы айтылды, сондай-ақ IT-де жұмыс істеу үшін кәсіби дағдыларды дамыту бойынша кеңестер берілді.

«Бұл панельдік пікірталас IT саласына қызығушылық танытқан мамандарға, атап айтқанда, оқытушылар мен студенттерге өзара киберқауіпсіздік трендтері туралы құнды ақпаратпен алмасуға мүмкіндік берді. Kaspersky cyberday алаңындағы күн тәртібі мемлекеттің отандық нарықта ақпараттық



технологияларды дамыту жөніндегі өзекті стратегиясымен ойдағыдай үндестігі маңызды. Мысалы, ел Президентінің 100 мың IT маманын оқыту туралы соңғы мәлімдемесі біздің IT-дегі мансаптық болашағымызға қатысты талқылауларымызда қолдау тудырады» деді «Касперский зертханасының мемлекеттік органдармен байланыс жөніндегі менеджері Қайыржан Әбдірахманов.

Жиынға қатысушы спикерлердің пікірінше, IT-саланы дамытуға бағытталған іс-шараның пайдасы зор.

«Біздің елімізде IT-саланы дамытуға бағытталған осындай іс-шаралардың белсенділігі артқаны өте жақсы. Мен бүгін жастармен сөйлестім, олар өздері үшін көп нәрсе білуге мүмкіндік алды. Меніңше, кездесу барлығына пайдалы болды. Мемлекет біздің студенттердің заманауи технологияларға жоғары білікті болуын қамтамасыз етіп отыр. Нәтижесінде олар әлемдік нарықта жоғары бәсекеге қабілетті болады. Сондықтан жастарды осы бағытта оқыту маңызды» деп атап өтті ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің киберқауіпсіздікті дамыту және әкімшілік жұмысты дамыту басқармасының басшысы Ерболат Қалим.

Айта кетейік, «Касперский зертханасы» – 1997 жылдан бастап ақпараттық қауіпсіздік және цифрлық құпиялылық саласында жұмыс істейтін халықаралық компания. «Касперский зертханасы» технологиялары бүкіл әлем бойынша 400 миллионнан астам қолданушылар мен 220 мың корпоративтік ақпараттық қауіпсіздігін қорғайды.



Гүлбаршын  
ӘКЕШҚЫЗЫ

## АУЛАСЫ КӨП АУДАН

Астанадағы ауласы көп аудан – Сарыарқа ауданы. Бүгінгі таңда ондағы 587 ауланың 142-сі күрделі жөндеуді қажет етеді. Соңғы үш жылда 125 аула мен 32 қоғамдық кеңістік абаттандырылды.

2023 жылы күрделі жөндеуден өткізу үшін жоспарланған 29 ауланың 17 мекенжайында құрылыс жұмыстары аяқталды. Олардың басым бөлігі «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында жүргізілсе, қазіргі кезде 7 аулада жұмыс жүріп жатыр. Сонымен бірге 107 аулада жөндеу-қалпына келтіру жұмысы басталып, 3 қоғамдық кеңістік, олардың 1-еуі ауданның орталық бөлігінде және қалған 2-еуі тұрғын алаптарда абаттандырылуда. Бұл ретте ойын алаңдары ғана емес, сонымен қатар автотұрақтар да жаңартылып, барлық жастағы адамдар үшін аймақтар көгалдандырып, шамдар ауыстырылып, жаяу жүргіншілер жолдары асфальтталды.

Ағымдағы күрделі жөндеуден өткізілген ауланың бірі – Қосшығұллы 7 мекенжайында орналасқан. Толық абаттандыру аумағы 2411 шаршы метрді құрайды. Оның ішіне балалар ойын алаңын қоңдыру, спорт және workout алаңдарын, демалыс аймағы, футбол алаңын абаттандыру және т.б. жатады. Ойын алаңдарында тартан жабыны төселген. Бұл балалар құлап қалған жағдайда жарақат алу мүмкіндігін төмендетеді. Сондай-ақ барлық жобалық эскиз тұрғындармен ақылдасу, шағын архитектураларды таңдау арқылы жүзеге асады. Оған қоса аулаішілік асфальт төсемдерін ауыстыру, автотұрақ орындарын жаңарту, ауланы қосымша жарықтандыру, көгалдандыру жұмыстары да жүргізілді.

Бүгінгі таңда Сарыарқа ауданында Бөгенбай батыр даңғылындағы 10 ауланы қамтитын тұтас тұрғын үй алаңы абаттандырылып жатыр. Алдағы уақытта Ш.Айманов көшесі, Ы.Дүкенұлы және Ш.Уәлиханов көшелерінің учаскесінде балалар алаңдарын жаңарту, демалыс аймақтары мен воркаут алаңдары бар қоғамдық орындарды абаттандыру жоспарлануда.

– Ауданымызда тұрғындар үшін жайлы орта құру, энергияны үнемдей отырып жарықтандыру, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр. Бұл ретте біз аудан тұрғындарының тілектеріне сүйенеміз. Айта кету керек, құрылыс жұмыстары кезінде бірде-бір ағаш зардап шекпейді, керісінше, қосымша 150-ден астам жасыл көшет отырғызылады. Жұмысты ішкі айында аяқтау жоспарлануда. Бұл аулаларды абаттандыру 4460 тұрғынға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді, – деді Сарыарқа ауданының әкімі Бауыржан Ералы.

Сондай-ақ Бейбітшілік көшесі бойындағы абаттандыру жұмыстары аяқталды. Қолданыстағы тротуар кеңейтіліп,



## САРЫАРҚАДАҒЫ СЕРПІНДІ ЖОБАЛАР

Астананың тарихы Сарыарқа ауданынан басталады. Ол – елорданың ескі ауданы. Аумағында «Агроқалашық», «Көктал», «Көктал-2» тұрғын алаптары және «Орман отырғызу учаскесі» кенті орналасқан елді мекенде атқарылып жатқан игі істер көңіл қуантады. Жалпы аумағы 6 775 гектар жерді алып жатқан аталмыш аудан халқының саны бүгінде 340 мыңды құрады. Газетіміздің осы санында елорданы көркейтуге елеулі үлес қосып келе жатқан Сарыарқа ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тыныс-тіршілігіне тоқталғанды жөн көрдік.

тас төсемі жаңартылды және асфальт төселді. Қосымша 15 тұрақ орны жайғастырылып, кедергісіз орта қарастырылды.

Тарихи көшелерді абаттандыру аясында, Ш.Уәлиханов, Ы.Дүкенұлы, Ш.Айманов көшелері мен Бөгенбай батыр даңғылы аумағы толықтай жөндеуден өткізілді. Оның ішіне жаяу жүргіншілер желісін кеңейту, 12 ауланы күрделі жөндеу, көгалдандыру, жарықтандыру бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Шапағат» сауда үйі маңындағы стихиялық сауда орындары жойылып, кәсіпкерлерге қаланың сауда үйлерінен және базарлардан заңды түрде орындар берілді.

Жалпы, Сарыарқа ауданы жылдан-жылға көркейіп, тұрғындардың жайлы өмір сүруі үшін жаңа әрі тартымды орындар ашылып жатыр.

### ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Бұған қоса, аулаішілік асфальт төсемдерін ауыстыру, автотұрақ орындарын жаңарту, ауланы қосымша жарықтандыру, көгалдандыру жұмыстары да жүріп жатыр. Баспасөз қызметі мамандарының мәлімдеуінше, Сарыарқа ауданы бойынша көшелердің 90%-ы жарықтандырылған және ауданның 297 көшесінде жарықдиодты шамдар орнатылды. Ағымдағы жылы техникалық мүмкіндік болған жағдайда тарихи жарықтандыру болмаған 30 көше бойынша жұмыстар жүргізу жоспарланып отыр. Күн сайын тұрғындардан келіп түскен ескертудерді жою

және жарықтандыру қалпына келтіру жұмыстары белсенді жүргізілуде.

Ал сәндік жарықтандыруға келетін болсақ, 15 көше бойынша 191 нысан ғимараттар мен құрылыстарды сәндік жарықтандыруға жабдықталған. Ағымдағы жылдың соңына дейін ғимараттарды сәулеттік-сәндік жарықтандырудың бірыңғай тұжырымдамасын жүзеге асыру жоспарланған болатын. Сарыарқа даңғылы бойынша 12 нысан, сондай-ақ мектептер мен балабақшаларға жақын жаяу жүргіншілердің проекциялық өткелдерін орнату жоспарланып отыр.

### ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР ЖӨНДЕЛІП ЖАТЫР

Тұрғын үй басқармасының тұрғын үйлерді жаңғырту бағдарламасы бойынша ағымдағы жылға жоспарланған 10 үйдің бесеуінде үйдің қасбетін, кіреберістерін, инженерлік жүйелерін қалпына келтіру және т.б. жұмыстар аяқталды. «Өркен қала» тұрғын үй қорының жаңғырту бағдарламасы бойынша тұрғындар мемлекеттен пайызсыз қаражат алып, айына орташа есеппен 2 000 теңге төлеп, ортақ мүліктеріне толықтай жөндеу жүргізуде.

Жылыту маусымы кезінде жылу және ыстық су берудегі ірілікті болдырмау мақсатында коммуналдық қызметтермен және қызмет көрсету ұйымдарымен бірлесіп жылу алмастырғыштардағы, крандардағы, ысырмалардағы бойлерлерді ауыстыру бойынша жұмыстар,



### САРЫАРҚА АУДАНЫНДА СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛДА 125 АУЛА МЕН 32 ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

сондай-ақ жылу торабының контурын жуу және сығымдау жұмыстары жүргізілуде. Бұдан басқа, тұрғын үйлердің автономды қазандығын орталық жылумен жабдықтауға көшіру үшін жылу магистралінің құрылысы бойынша жұмыстар жалғасып жатыр.

Бүгінгі таңда аудан бойынша орталықтандырылған жылыту жүйесіне қосылған 904 көппәтерлі тұрғын үйдің бекітілген

кестеге сәйкес, алдағы жылыту маусымына дайындық бойынша бүгінгі таңда 765 үйде жұмыстар жүргізілді.

Арықтар, су өткізу құбырлары және дренаж құдықтары жайластырылды. Ағымдағы жылы 15 көше мен 8 орнаменттік аумақ бойынша арық желісі мен су өткізу құбырларын абаттандыру жоспарланған. Бүгінде 5 нысан, атап айтсақ, Кеңдала көшесі, 3,5,6, Қарауыл көшесі, К.Күмісбеков көшесі 9/2 және Конституция 16, Юбилейная көшесінде жұмыстар аяқталды, қалған 10 көшеде жұмыстар жүргізіліп жатыр.

### КӨГАЛДАНДЫРУ – ИГІЛІКТІ ІС

Сарыарқа ауданы аумағында 70 гүлзар, сквер, қоғамдық кеңістік және «Көктал» саябағы орналасқан. Аудан әкімінің айтуынша, ағымдағы жылы шамамен 36 мың жасыл көшет

отырғызу жоспарланған. Қазірдің өзінде 2 мыңнан астам ағаш, 600 бұта және 6 мың көпжылдық өсімдіктер отырғызылды. Күзгі кезеңде 1 900 ағаш, 1 400 бұта отырғызылады. Сонымен қатар, жасыл желектерді автоматты жергілікті суару жүйесімен суару қолға алынды.

Қазіргі таңда аудан бойынша 29 нысан абаттандырылған. Мұндай суару алдымен суды үнемдеуге ықпал етеді. Тамшылатып суару кезінде су өсімдіктердің тамырына ғана барады. Кейбір учаскелерде күніне жарты сағат жергілікті суару жүйесі қосылады. Осы уақыт ішінде өсімдіктер ылғалға толып үлгереді. Сонымен бірге суару сапасы артады. Жергілікті жүйемен суару барлық қол жетпейтін учаскелерге жетеді, ал тамшылатып суару барлық тамыр жүйесін қоректендіреді. Арнайы техника тас төсемдеріне кірмейді және тозу баяу жүреді. Оған қоса, көшедегі бір жолаққа тосқауыл қойылмайды. Жергілікті суару жүйесі және тамшылатып суару кезінде крандар мен нүктелер төмен орналасқандықтан осылайша суару кезінде қысымның кесірінен машинамен кір жайылып, топырақ барлық жаққа ұшып, көліктер пайда болады.

Ағымдағы жылдың күзгі маусымында 2200-ге жуық ағаш отырғызу жоспарланған. «Жасыл Астана» экологиялық айлығы аясында К.Байсейітова көшесі, К.Күмісбеков көшесінің бойындағы саябақ, Абай даңғылы алма, қарағай, қарағаш, ұсақ жапырақты қарағаш, қайың ағаштарымен толығады.

### ЖАҒА ЖАҒАЛАУ ПАЙДА БОЛДЫ

Астананың Сарыарқа ауданында жеке инвестициялар есебінен Шабал Бейсекова көшесіндегі көпірдің жанынан жаңа қоғамдық кеңістік ашылды.

Жалпы абаттандырылған аумақ 0,96 га құрайды. Жағалауда қала тұрғындары үшін амфитеатр; балалар және спорт алаңдары; велосипед, жүгіру, серуендеу жолы; баскетбол, волейбол, футбол алаңы; өрмелеу алаңы және скейтпарк орналастырылған.

Құрылыс маусымы басталғалы Көктал-1 елді мекеніндегі Көктөбе көшесінде және Агроқалашықтағы Фахд бен Абдул Азиз көшесінде қоғамдық кеңістіктер жайластырылды. Сонымен қатар, «Шапағат» сауда үйінің маңында және Желтоқсан-Бұқарбай батыр-Бейбітшілік көшелерінде жаяу жүргіншілер жолын жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.

Бас қалада инфрақұрылымдық жағдайларды жақсарту мақсатында жолдар жөнделіп, тұрғындар үшін жаңа қоғамдық кеңістіктер салу жалғасып жатыр. Ал Сарыарқа ауданында абаттандыру жұмыстары екі кезеңге бөлінген. Бірінші кезеңнің жұмыстарын ағымдағы жылдың ішінде айында аяқтау жоспарланған.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, алдағы уақытта Есіл өзенінің оң жағалауындағы аймақ та көркейетін болады. Бұл ретте биыл елорданың оң жағалауында 130-ға жуық аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылады. Қазірдің өзінде 50-ге жуық орында тиісті жұмыстар аяқталған. Жыл басынан бері қалада 42 аула және 2 қоғамдық кеңістік және соған қоса «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында 34 аула абаттандырылды.

Елордада көгалдандыру мәселесіне де айтарлықтай назар аударылып отыр. Биыл қалада 1 млн-ға жуық жасыл желек отырғызу жоспарлануда. Оның ішінде 452 мың жасыл желек қалада, қалғаны елорда жанындағы «Жасыл белбеу» аумағында отырғызылады.





№121 (4554) 12/10/2023 Бейсенбі

Қоғамдағы ең күйіп тұрған мәселенің бірі – суицид адамның өзіне-өзі қол жұмсауының азаймай отырғандығы. Әсіресе, суицидтің балаларға қарай ауыз салуы – ең қорқынышты көрініс, соның ішінде мектеп жасындағы балалардың бұған шарпылуы «жалғыздық» деген рухани дерттің бірден-бір емі «өлу» деп шешетін сана ауытқуы деп психолог мамандар қорытынды жасап отыр.

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

**А**стана қаласының Полиция департаменті және оның аумақтық бөлінісінде 2022 жылдың 12 айы ішінде – 166, 2023 жылдың 9 айында 154 суицид фактілері тіркелген. Суицид әрекет жасаудың басты себептерінің бірі – жақындары мен туыстары тарапынан түсінбеушілік, сүйіспеншілік пен қолдаудың болмауы. Сондай-ақ

**АСТАНАДА 2022 ЖЫЛДЫҢ 12 АЙЫ ІШІНДЕ – 166, 2023 ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫНДА 154 СУИЦИД ФАКТІЛЕРІ ТІРКЕЛГЕН. СУИЦИД ӘРЕКЕТ ЖАСАУДЫҢ БАСТЫ СЕБЕПТЕРІНІҢ БІРІ – ЖАҚЫНДАРЫ МЕН ТУЫСТАРЫ ТАРАПЫНАН ТҮСІНБЕУШІЛІК, СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН ҚОЛДАУДЫҢ БОЛМАУЫ**

туыстарымен жанжал (ұрыс, сөзге келіспеушілік), дұрыс тәрбие бермеу, мен технология мен әлеуметтік желілердің әсері, дәрі-дәрмек қолданудың мөлшерін білмегендік (ауырсынуды басатын дәрілерді мөлшерден тыс қолдану, тағы басқалары).

Мысалы, мектепте, біртоға момын балаларды бұзық мінезді балалар үнемі басынуы, осындай біртоға балалардың әртүрлі шаралардан шетқалмай қалып қорлануы, сабағының нашарлау көрсеткіште болуынан әркез төменшік жүруі, өз үйінде де ата-анасының да мейірім назарынан тыс қалуы, сөйте тұра осындай біртоға балалар «еліктегіш», «көргіш», «естігіш» секілді сергек балаларға қарағанда «сезгіш» болуы әлгіндегі айналасынан келіп жатқан жайсыз әрекеттерден жандүниесіне түскен ауырпалықтарды ұзақ көтеруге шамасы жетпей, жас көңілі мына сұрқай өмірден әбден түңіледі екен.

#### АСТАРЫНДА НЕ ЖАТЫР?

Түңілудің соңы тұйыққа тірелу, алды тас қараңғы ілгері басар жолы қалмаған, арты әлгіндей қатігес... міне, мойнына бір жіп салса болды, онсыз да бүкіл болмысы өлім торына келіп өзі түсіп тұр!

Сондықтан да білім мекемелерінде оқушылардың, жасөспірімдердің қақтысуымен ата-аналар және педагогтармен алдын алу іс-шараларын өткізу өте маңызды. Әрине, елімізде, елордада көмелетке толмағандар арасында өз өзіне қол жұмсаудың алдын алу жұмыстары ведомствоаралық өзара іс-қимыл шеңберінде жүріп жатыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 қаулысымен бекітілген 2020-2023 жылдарға арналған балалар құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасындағы суицид мәселелерін шешу жөніндегі Жол картасын орындау шеңберінде Астана қаласының білім басқармасы елорданың мектептері мен колледждерінде бірқатар іс-шараларды жүзеге асыруда. Көмелетке толмаған

дар арасындағы суицидтік мінез-құлық қоғамдағы өткір мәселелердің бірі болып қала береді. Бұл жұмыстың тиімділігін барлық Құзыретті құрылымдардың нәтижелі ведомствоаралық өзара іс-қимылы арқылы ғана арттыруға болады.

Қалалық Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілі А.Бимендина бұл жөнінде былай дейді.

– Мемлекет басшысы осы бағыттағы жұмыстарды сынга алды. Онда құзыретті органдардың жастар арасында суицидтік ахуалды жақсарту жұмыстары көңіл көншітерліктей емес екенін айтты. Менің қызметім – үкіметтен ақы алмайтын таза қоғамдық жұмыс, штатта мамандарымыз да жоқ, тәжірибемді педагог ретінде қолымнан келгенінше мектептерде, колледждерді жасөспірімдерге психологиялық қандай көмек бере аламыз деген мәселемен бас қатырып жүргенімізге біраз болды. Ата-аналарға мыңдаған сауалнама жолдап, жауабын алғасын оны талдап, талқылай

келе мынаған көз жеткіздік, суицидке әсер ететін жағдай, біріншіден – әлеуметтік желідегі әлімжеттік, буллинг, сосын отбасындағы ұрыс-керіс, кикілжің, өкінішке қарай, баланың өмірден баз кешуіне апарып соғады. Мектептерде балалар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша да біраз іс-шараларды өткізіп жүрміз. Сонда байқағанымыз, тағы да мамандар жетіспеушілігі немесе азғантай жалақыға жұмыс істеп жүрген полиция қызметкерін немесе психолог мамандарын өз елінің патриоты демеске лажың жоқ. Не істемек керек? Маман жетіспесе, мектептердегі класс жетекшілеріне қиын жағдайға тап болғанда әрі дәрігер, әрі полиция, керек болса, психолог маман ретінде жедел әрекет етуге тура келетінін, солардың ғана қолынан шұғыл көмек боларын айтқымыз келеді. Жұдырықтай жұмылғанда ғана бар байлығымыз, бақытымыз – балаларға, болашағымызға қызмет ете алатын боламыз. Жаңа Қазақстан



# СУИЦИД – ҚАТЕРЛІ ДЕРТ

**АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША МЕКТЕП, ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСҚА ҚАТЫСТЫ: МЕКТЕПІШІЛІК ЕСЕПТЕ ТҮРҒАН ОҚУШЫЛАР САНЫ – 248, ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДА 138 БАЛА ЕСЕПТЕ ТҮР, 156 ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ТӨМЕН, ҚОЛАЙСЫЗ ОТБАСЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕНІП ЖАТҚАН БАЛА САНЫ – 327**



Қасым-Жомарт Тоқаев, Мемлекет басшысы:

«Жастардың арасындағы жантүршігер жағдайлар мен отбасындағы зорлық-зомбылық жиілеп, күн тәртібіндегі мәселеге айналып барады. Бұған жауапты орындар қызметін жөнді атқарып жатқан жоқ»

болуымыз үшін барынша жүкті жұмыла көтергеніміз абзал, – деді А.Бимендина.

#### НЕГЕ АЛДЫН АЛМАЙМЫЗ?

Әрине, кез келген індеттің емі болатыны секілді суицидтің де алдын алуға болатындығы рас. Бірақ, суицидолог маман Михаил Сметкой маман кадрлардың жетіспеушілігінен, қоғам зәру болып отырған мамандардың жалақысы мардымсыз екендігін алға тартып, халық қалаулыларына, құзыретті орган өкілдеріне бұл мәселе шешілмейінше, балалар, жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу жұмысында

әзірше бұл тақырып ғаламтор жайлаған жаһандану заманындағы ең өзекті мәселенің бірі ретінде қала берді.

Елордада Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен еліміздің дамуы жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысы осы мәселелерге арнайы тоқталып, олқылықтарды атады.

«Жастардың арасындағы жантүршігер жағдайлар мен отбасындағы зорлық-зомбылық жиілеп, күн тәртібіндегі мәселеге айналып барады. Бұған жауапты орындар қызметін жөнді атқарып жатқан жоқ» деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саясатын қайта қарау қажеттігін айтты.

«Тағы бір назар аударатын мәселе – жас ұрпақтың қауіпсіздігі. Балаларға қатысты жантүршігерлік қылмыстар жиілеп кетті. Мұндай оқиғалар мектепте, көшеде, тіпті, үйде болып жатыр. Сорақы жағдайлар оқушылардың өзіне қол жұмсауына себепкер болып отыр.

Тіпті, ата-аналардың өздері баласына қорлық көрсетіп, оның арты қайғылы жағдайға ұласып жатады. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысы әлсіз. Жауапты мекемелер мен құқық қорғау органдарының қызметі ойдағыдай нәтиже берген жоқ. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саясатын қайта қарауымыз керек» деді Мемлекет басшысы.

Астана қаласы бойынша мектеп, жасөспірімдер арасындағы қылмысқа қатысты: мектепшілік есепте тұрған оқушылар саны – 248, ішкі істер органдарында 138 бала есепте тұр, 156 әлеуметтік жағынан төмен, қолайсыз отбасыларды тәрбиеленіп жатқан бала саны – 327.

Сондай-ақ ағымдағы жылы 68 бала қылмыс жасаған, 2022 жылмен салыстырғанда 30 балаға артық (2022 жылы 38 бала тіркелген). Бұл деректер журналистің ресми сұрау салу бойынша Астана қаласының полиция департаментінен алынды.

#### ПЕДАГОГТЫҢ БАЛА ӨМІРІНЕ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Мектебінің үздік сынып жетекшісі, оқушылардың «өкесіне» айналған №37 мектеп-лицейінің педагогы Медет Біләл былай дейді: «Тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы басымдық балалардың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, осы мақсатта кемшіліктерді болдырмауды көздейді. Мұғалімнің оқушыға зор сенімі, махаббаты оған қатты әсер етеді. Менің класымда 11 жалғызбасты ана тәрбиеленген бала оқиды. Ұстазы ретінде, азамат, ағасы, тіпті әкесі ретінде балаларды барынша қолдауға тырысамын, олар сырымен бөліссе, пікірімді айтамын, проблемасы болса бағыт беруге тырысамын. Сондықтан болар, олар мені «Сіз – біздің әкеміз, қамқорымыз, жанашырымыз!» деп атайды. Алғаш естігенде толық, қобалжыған рас, қазір оған үйрендім, балалардың әрбір жетістігіне шын қуанып жүремін. Ата-ана мен мұғалім бірлігі мығым болса, білім саласында көп ілгерілеушілік, нәтиже болары сөзсіз».

Бала – Алланың аманаты, болашағымыздың бағдаршамы, шырағы. Отбасын құрғанда да, өмірге бала әкелгенде де мойныға екі есе жауапкершілік артылып, тек өздері үшін ғана емес, баланың болашағына, адам тағдырына алаңдау басталарын ешқашан естен шығармауымыз қажет. Уақыттың көшіне ілесу үшін, отбасын жаңа заманның жаңалықтарымен қоса ұлттық құндылықтарымызға сай тәрбиелеу білсек, ұтылмаймыз.

Өйткені уақыт қателіктерді кешірмейді, кейін бәрі кеш болады. Осыны ұмытпайық!





Таңатар  
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

ӨЗІМЕ БОЛМАСА,  
ӨЗГЕГЕ ДЕ ЖОҚ...

...Астана қаласының тұрғыны Жарас Қонабай үшін 2023 жылдың 24 мамыры есінде ұзақ уақыт сақталып қалатын болды. Ол – қарапайым жұмысшы. Осы қаладағы бір тұрғын үй кешенінде электрмен дәнекерлеуші болып жұмыс істейді. Өткен жылы қыркүйек айында балалары туған күніне орай Дубайға демалысқа жолдама алып берген еді. Алайда ол шетелге саяхаттың орнына Алматы аудандық сотынан бір-ақ шықты. Мәселе былай болды: Жарастың мұндай жолдамамен алғаш рет алыс сапарға шығып тұрған қадамы болған соң, қуаныштың желімен екі бажасы мен жұмыстас бір-екі досына хабарласқаны бар. Олар оны әуежайға дейін шығарып салмақшы болған. Сөйтіп, «жол-аяққа» достарымен бірге бір-екі жүз грамм ішкен. Ұшаққа кірерде стюардесса оған ескерту жасайды. Бұл сөз Жарасқа ұнамай қалады. Салонға кіріп, орнына отырар-отырмастан айқай шығарады. Стюардесса қызбен қайтадан жанжалдасады. Ол бірден полиция шақыртады. Тәртіп сақшылары оны ұшақтан түсіріп тастайды. Көптен армандаған шетелге сапарының аяқ астынан сәтсіздікке ұшырағанына қатты ашуланған Жарас көліктегі полиция департаментінің кабинетінде «Астана-Дубай» ұшағының бортында көп кешікпей бомба жарылады» деп бар дауысымен жаңшыра айқайлайды. Әрі мұнысымен қоймай, «өзіме болмаса, өзгеге де жоқ» деген ұстаныммен «мені ешкім тыңдамай жатыр, тез шара қолданындар, ұшаққа жарылғыш зат қойылған» деп «102» телефонына қоңырау шалады.

Әуежай абыр-сабыр болады. Жарты сағатта ұшақ бортын саперлер тексеріп, өрт сөндіргіш пен жедел жәрдем машиналары да күшейтілген тәртіпте қызметке кірісті. Алайда ешқандай жарылғыш зат табылмады. 1,5 сағат рәсуа болды. Қаншама адам өзінің маңызды жұмысынан қол үзіп, текке шабылды.

Жарас сол бойда уақытша қамау абақтысына жабылды. Оның әрекеті Қылмыстық кодекстің 273-бабы бойынша «лаңкестік жөнінде көпе-көрнеу жалған ақпарат тарату болып бағаланды. Заң бойынша оған 5 жылға дейін қылмыстық жаза қарастырылған. Бұған қоса, оның жолсерік қызға айтқан кейбір дөрекі де бейпіл сөздері жазасын ауырлата түсетін жайлар еді. Дегенмен Астана қаласының Алматы аудандық соты оның асырауында алты баласы бер екенін әрі балалары өрімдей жас екенін ескеріп, түсіністік та нытты. Оның үстіне Жарастың да

Кейінгі кезде лаңкестік кез келген елдің қауіпсіздігіне ғана емес, жалпы адамзатқа төнген басты қауіптің бірі саналуда. Сондықтан осы бір ғасыр кесепатының алдын алу, оны барынша болдырмау – әр мемлекеттің, әрбір арнайы қызметтің ең негізгі міндеті. Лаңкестік, яғни терроризм елімізде, соның ішінде бас қаламыз – Астанада да әлсін-әлсін бой көрсетіп отыр. Тек биылдың өзінде елордада осындай 9 келеңсіз оқиға тіркелген.

## ТЕРРОРИЗМ: ОЙЫННАН ОТ ШЫҒАДЫ

жүні жығылып, дауысы бәсеңсіп қалыпты. Ол өз қателігін толық мойындап, барлығынан кешірім сұрады. Әрі келген шығынды толығымен өтеп беретін болды. Міне, осы жайларды ескере келіп, сот 2 ай қамауда болған үлкен отбасының отағасын бас бостандығынан айырған жоқ. Оның қателігін толық мойындағанын, істеген әрекетіне қатты өкінетінін әрі келген залалды толық көлемде өтегенін ескеріп, оны 2 жыл 6 айға бас бостандығын шектеу жөнінде үкім шығарды.

Ал мұндай «өзін-өзі ұстай алмай қалып, қатты ашуға беріліп кетіп» лаңкестік туралы жалған хабарлама тарататындар осы елорданың өзінде азаймай отырған көрінеді. Мәселен, мұндай оқиға 2021 жылы 8 рет, 2022 жылы 14 рет, ал биыл 9 рет қайталанып отыр. Осындай қыруар шығын келтіріп, адамдарды текке әбi-герге салағын жалған дабылдың авторлары көбіне шетелдіктер мен мектеп оқушылары болады екен.

### «ӘЗІЛДЕУДІҢ» АРТЫ – АЛАСАПЫРАН

– Қазақ о бастан-ақ «баланы бастан» деп тәрбиеге қаршадайынан мән беру керек екенін баса айтқан. Күнделікті өмір көрсетіп отырғандай, қазір ғаламторда жасөспірімдер арасында жаппай жалған хабарлама тарату етек алып барады. Осыған ата-ана қатты көңіл бөліп, бақылауға алса дейді психологтар. Өйткені жас жеткіншектер топ-топқа бөлініп алып, бір-бірінен кек қайтару, бір-бірін мұқату мақсатында анонимді хабарламаларды қарша боратады. Бірақ бұдан зардап шегетін де, түтпей келгенде, өздері.

Мәселен, өткен жылы қаладағы №22 мектептің оқушысы келесі бір сыныптың оқушысын мұқату үшін соның дауысына салып, білім ордасының жертөлесіне жарылғыш зат жасырылғанын айтып, «102» нөміріне дабыл қағады. 3 сағаттың үстінде сабылған арнаулы қызмет өкілдері мен өрт сөндірушілер дабылдың жалған екенін анықтаған. Келесі күні полиция қызметі Ұлттық

қауіпсіздік қызметімен бірлесе отырып, 12 жасар жалған лаңкесті анықтады. Нәтижесінде қылмыстық іс қозғауға тек жасы толмағандықтан ғана ата-анасы 15 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төледі.

Ал шетелден телефон шалып немесе ғаламтор арқылы жалған лаңкестік хабарлама тарататындармен ішкі істер органы бітпес күрес жүргізіп келеді. Шетелдік құқық қорғаушылармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізу арқылы интернет-провайдері IP-мекенжайын, аккаунтын анықтап, жазаға тартуда. Жыл басынан бері интернет арқылы осындай қылмысқа барған 28 адамның үстінен қылмыстық іс қозғалып, олардың 17-сі ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылды.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Экстремизмге қарсы іс-әрекет департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Дархан Рауевтің айтуынша, балалар жасайтын жалған лаңкестікке «баланың шала ісі» деп қарамау керек. Ол ойын емес, ол – өте қауіпті қылмыс. Мұны кейбір ата-ана әлі жете түсінбейтін тәртізді. Осындай әрбір қоңырау шалуының артында тып-тыныш тірлігін күйттеп жатқан момын халықты аяқ астынан дүрліктіру, дүрбелеңге салу, өмірлік маңызы зор кәсіпорындардың жұмысын тоқтатып, адамдарды әбiгерге ұшырату жатады. Ең сорақылығы сол, осындай «сәтсіз әзілдің» салдарынан балабақшалардағы бүлдіршіндерді де дүрбелеңге түсіретін кездер болады.

2021 жылы бас қаланың «Аяла» балабақшасы жанындағы мекемеге «бомба қойылды» деген жалған дабылдан ай-күннің амандалуы бүлдіршіндерді қауіпсіз жерге көшіруге мәжбүр болған. Сол жолы да «дабылшы» ізі суымай анықталды. Ол ағасының «ойсыз әзілі» телефон шалған 8 жасар оқушы болып шықты. Бұл жолы да ол «әзілдегім келіп еді» депті. Міне, сол жүгермектің «ойсыз әзілі» үшін ата-анасы 5000 АЕК көлемінде айыппұл төлеп, ағасының 2 жылға бас бостандығы шектелді.

### АТА-АНАНЫҢ БАҚЫЛАУЫ МАҢЫЗДЫ

Бүгінгі таңда әлемде тынышсыздық белең алып бара жатқанын бәріміз көріп, біліп отырмыз. Бұрын білім ордасында аты естілмейтін жат қылмыс қазір жұртшылықты таңғалдырудан қалып барады. Әсіресе 2001 жылғы 11 қыркүйек күнгі Нью-Йорктегі адамзат тарихындағы ғаламат зұлмат – лаңкестіктен кейін жер-жерде осындай мыңдаған адамның өмірін жалмайтын, қолдан ұйымдастырылатын оқиғалардың қауіпсіздігі келеді. Тіпті кейінгі кезде жалған лаңкестік әрекеті, адамдардың мінез-құлқындағы ауытқушылық қоғамды мазасыздандырып отыр. Оның біразын біз жоғарыда атап өттік.

Рас, көбіне осы «мектеп оқушыларының жалған лаңкестігінің алдын алуға бола ма?» деген сауал қойылып жатады. Ең бірінші бұл жерде мұның өте ауыр қылмыс екенін сол мектеп қабырғасының өзінде шәкірттердің санасына құю керек. Мұндай қылмыс із-түссіз қалмайды. Бүгінгі технологияның дамыған заманында оның бетін ашу әп-сәтте. Сондықтан бұл тұрғыда «әзілдеу», біреуге қыр көрсету үшін немесе біреуге қатты ашуланып қоңырау шалу өз өміріңді қатерге тигумен бірдей.

Психотерапевт дәрігер Жәнібек Асанханұлының айтуынша, адамда күйзеліс, қобалжу, өз-өзіне сенімсіздік сезімі болған кезде ашуланса, өзінің кейбір іс-әрекетін бақылай алмай қалуы да мүмкін. Бірақ қандай жағдайда да ол адам «бұл әрекетімді ешкім білмей қалады» деген ойда болмау керек. Керісінше, басына осындай жағдай туа қалса, ең жақын адаммен сырласып, ақылдасып, қала берді психотерапевтке жүгініп, ата-ана баласының мінез-құлқын, іс-әрекетін, кіммен араласатынын үнемі бақылауда ұстау керек екен.

Телефон терроризмі – өте ауыр қылмыс. Мұның салдары да орасан. Әрі оған қарастырылған жаза да қатан. Сондықтан ашумен немесе «еркелікпен» шалыс қадам жасамай, «ақырын жүріп, анық басқан» дұрыс.

Астана полиция бөлімшесі биыл жыл басынан бері 169 қылмыстық іс қозғаса, соның ішінде 107 қылмыс есірткі сатумен байланысты болған. Елорда полициясында 17 жылдан бері осы есірткі саудасы қылмысымен күрес жүргізіп келе жатқан Астана ПД есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бөлім бастығы Сергей Ильинихтың айтуынша, биыл заңсыз айналымнан 262 келі 476 грамм есірткі тәркіленсе, оның 43 келі 444 грамы синтетикалық есірткі препараттары болған.

## ҚЫЛМЫСТЫҢ КӨБІ – ЕСІРТКІ САУДАСЫ


Райхан  
РАХМЕТОВА

Тәртіп сақшылары тарапынан «дәстүрлі» есірткі түрлері бойынша өткізілетін іс-шаралар аясында синтетикалық есірткі мен олардың баламаларының таралу қауіпі туындаған. Елордадағы есірткі сату және тұтыну мәселесіне орай жүргізілген талдау негізінде каннабис тобы мен апиин тектес есірткілердің тапшылығы «Амфетамин», «ЛСД», «Экстази» деген синтетикалық есірткі құралдарының таралуына сұранысты туғызғаны анықталды.

– Өткен 9 айда елорда аумағында есірткінің синтетикалық түрлерімен байланысты 343 құқық бұзушылық фактісі анықталды. Оның ішінде қылмысқа қатыстысы – 61 факті: яғни 26-сы – есірткі жеткізу және 35-і есірткі сақтаумен байланысты болған. Қалған 371 факті қылмыстық теріс қылықтар бойынша тіркелді. Он күн сайын есірткіге қарсы іс-қимыл басқармасы мен жергілікті полиция қызметі басқармасының қызметкерлері Астана қаласы психикалық денсаулық орталығындағы есірткі және психикалық белсенді заттарды тұтыну фактілері бойынша медициналық куәландырудан өткен тұлғалардың тізімін тексеріп, салыстырады. Барлық анықталған факті бойынша тізімдегілер қалалық психикалық денсаулық орталығына қару ұстау және сақтау құқығына лицензия болуы, автокөлік құралдарын басқару куәлігінен айыру мәселелері бойынша қарауға жіберіледі, соның нәтижесінде азаматтардан, соның ішінде есірткі тұтынушылардың атына тіркелген қаруды алып алу бойынша 4 факті негізінде материалдар жөнелтілді, – дейді бөлім басшысы.

Есірткі саудасының профилактикасы үшін полиция департаменті қызметкерлері Астана қалалық әкімдігімен және басқа да мүдделі ұйымдар, ҰЕҰ-мен бірге биыл есепті кезеңде 238 іс-шара өткізді. Оның ішінде 24 акция, 21 семинар, 65 дәріс, 14 дөңгелек үстел, 40 кездесу, 29 спорт жарысы, 3 байқау және 42 басқа да жиындар ұйымдастырылған.

Сонымен қатар қазіргі таңда ата-ана баласының ағзасында психобелсенді заттардың бар-жоғын 1-2 минутта анықтайтын шұғыл тестті кез келген дәріханадан сатып ала алады. Есірткі заттарының қанша түрін анықтауға арналғанына қарай оның бағасы – 2-4 мың теңге аралығында. Сынаманы баланың зәрине салып, бірнеше минутта зиянды заттардан таза ма екен, соны біле аласыз. Аталған үлкен бағдарламаны құқық қорғау органдары қарапайым халыққа қолжетімді болу үшін іске қосқан. Бір жағынан, бұл жасөспірімнің жаман жолға түсуінің алдын алуға көмектессе; екінші жағынан, ата-ана тарапынан бақылау бар екенін аңғартады.





Елордаға іргесі тиіп тұрған Қосшы, Қоянды, Қараөткел, Үркер, Талапкер, Жібек жолы, Қызылсуат сынды қала, ауылдар бар. Қаланы қоршай орналасқан бұл ауылдар тұрғындарының бір бөлігі Астанаға келіп жұмыс істесе, ал кейбір азаматтар сол жерде өндіріспен шұғылданып, өз өнімдерін Астанаға сатып нәпақа табады. Бас қала тұрғындарын ет, сүт, көкөніспен қамтамасыз етуге өз үлесін қосуда. Алайда олардың осы еңбегін ескермейтіні, жан-жақты қолдаудың жоғы қынжылтады.

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

ЕЛЕУСІЗ ҚАЛҒАН  
ЕЛДІ МЕКЕНДЕР

Биыл жыл басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізгенде «Жылдар бойы елорданың айналасында азық-түлік белдеуін дамыту туралы айтылды, бірақ бұл жұмыс орындалмады. Астана азық-түлікті Алматыдан 4 есе, ал Шымкенттен 2 есе аз өндіреді. Жалпы, барлық өңірмен салыстырғанда қала бұл көрсеткіш бойынша соңғы орында тұр. Кейінгі 8 жылда елордаға әкелінетін азық-түлік импорты 3 есеге артты. Жергілікті қайта өңдеу кәсіпорындары тек жарым-жартылай жұмыс істеп тұр. Көкөніс сақтайтын қойма да жетіспейді. Сондықтан 2025 жылға дейін қалада 13 мың тоннадан астам көкөніс сақтайтын қоймалар салу керек. Ауыл шаруашылығы министрлігі Астана қаласы мен Ақмола облысының әкімдіктерімен бірлесіп, елорданың айналасында азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөнінде пәрменді шаралар қабылдағаны жөн» деп атап көрсеткен еді. Содан бері де бір жылға таяу уақыт өтті, Мемлекет басшысының тапсырмасы ойдағыдай орындалды ма, беймәлім.

Арқа төсінен астана салып, оны азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін азық-түлік белдеуін құрғанымызбен, әлі күнге дейін елорда төңірегіндегі елді мекендерді тиімді пайдалана алмай келеміз. Қала маңындағы ауылдардың қалаға жақындағанына басқа артықшылығы жоқ, «елордаға жақын, облыстан алыс» елеусіз жатқан аймаққа айналған. Бұл өңірлерде жарық, су, жылу мәселесінің үйлесімді шешілуі де Астанаға өз әсерін көрсетуде. Атап айтқанда, қыс мезгілінде бас қаланы көк түтіннің басып қалуына және қаладағы кептелістің көбеюіне қала төңірегіндегі ауылдар да үлкен үлес қосып жатыр.

2019 жылы жасалған «Нұр-Сұлтан (қазіргі Астана) қаласына іргелес елді мекендерді әлеуметтік-экономикалық да-



## ҰҚСАТА БІЛСЕҢ, ІРГЕДЕ КӨКӨНІС КӨП

мытудың 2023 жылға дейінгі кешенді жоспары» аясында қандай жұмыс атқарылғаны да бізге беймәлім. Президенттің ауылдарды дамытуға бөлген 1 триллион теңгесі бұл елді мекендерге жете ме, жетпей ме, оны да қазір дәп басып айту қиын. Демек, Үкімет пен министрліктер Астананы қамтамасыз ететін азық-түлік белдеуін құру ісінде әлі де құр уәде, бос сөзден аса алмай келеді.

АЛЫСТАН АРБАЛАҒАНША,  
ЖАҚЫННАН ДОРБАЛАЙЫҚ

Астана төңірегінде көкөніс өсіруге, жылыжай салуға ыңғайлы жер көп. Бірақ Астана сол мүмкіндікті толық пайдалана алмайды. Жазғытұрым көміп тастап, күзде қазып, дағар-дағар өнім алуға болатын картоптың өзін жан-жақтан, көршілес облыстардан тасимыз. Керек десеңіз, 1,5 миллионға жуық халық тұратын бас қаланың іргесінде ірі мал базары да жоқ. Бұл қала төңірегіндегі шаруалардың малын сатуына қолайсыздық туғызып қана қоймай, ет, сүт өнімдері бағасының күнде құбылып, ұдайы көтерілуіне де мұрындық болып отыр.

Астананың мығым азық-түлік белдеуін құру ісі елорда төңірегіндегі ауылдарды дамыту жұмысымен тығыз байланысты. Астана төңірегіндегі ауылдардың мәселесі дұрыс шешілмесе, адымы ашылмайды. Шаһар үлкейіп, тұрғындар саны артқан сайын азық-түлікпен, сумен, жылумен және жарықпен қамтамасыз ету ісі де қиындай түседі. Астана басқа қала, аудандардан алыс



болғандықтан, қажетті өнімнің бәрін сырттан тасу мүмкін емес, сырттан тасығанмен, бағасы көтеріліп, тұрғындардың қалтасына үлкен салмақ болады. Мұны шешудің бірден-бір жолы – Астана төңірегіндегі азық-түлік өндірісін дамыту. Осы тұрғыдан алғанда, Қосшы, Қоянды маңындағы қара топырағы көмірдей құйқалы жерлерге көкөніс өсірудің экономикалық тиімділігі аса жоғары деп санаймыз. Әсіресе іргесінен үлкен өзен ағып жатқан Қосшы қаласы мен Жібек жолы ауылының маңы көкөніс өсіруге өте қолайлы. Бірақ аталған өңірлердегі егіс алқаптарының дені тұрғын үй салынатын аумаққа айналып кеткен. Яғни жұртшылықты Астананың іргесінен азық-түлік белдеуін қалыптастыру жұмысынан гөрі тұрғын үй салу, оны сатудан түсетін пайданың молдығы қызықтырып тұр.

ЕГІНШІДЕ ЖЕР ЖОҚ,  
ЖЕРІ КӨПТЕР ИГЕРМЕЙДІ

Қосшы қаласынан алынған мәліметке сүйенсек, аталған қалаға қарасты 200 гектардан артық егіс алқабы бар. Қазіргі таңда мұның 150 гектарына көкөніс егіледі. 2010 жылдан бастап көлем алып, қазіргі таңда егіс көлемі қайтадан азая бастаған бұл аумақта картоп, сәбіз, қызанақ, қырыққабат, аскөк, қияр, баклажан, бұрыш сияқты көкөністің түр-түрі өседі. Соңғы жылдары Қосшы шаруалары Арқа төсіне қарбыз егіп, одан да мол өнім алып жүр.

Мұрат Оңғарұлы 10 гектар жерге көкөніс егеді. Оның

елордадағы көкөніс бағасын 100 теңгеге дейін арзандатуға мүмкіндік бар. 10 гектар жерге жылына 3 миллион теңге ақы төлеймін, – дейді ол.

Тағы бір қызығы, диқандардың жер суаруға жұмсаған суының да тұрақты өлшемі жоқ. «Су иесі – Сүлеймен» болып отырғандар кейде өзі жаза салады екен.

«Бірде маған «суға 3 миллион теңге ақы төлейсіз» деді. Неге сонша көп екен деп есептесіп, соңында 30 мыңнан көп ақша төлегенім бар» деді Мұрат Оңғарұлы.

Біздің «Үкімет жағынан қолдау жоқ па?» деген сұрауымызға «Бізге көкөніс сақтайтын қойма жоқ. Мемлекет басшысының «2025 жылға дейін қалада 13 мың тоннадан астам көкөніс сақтайтын қоймалар салу керек» деген тапсырмасын естігенде біз де қуандық. Бірақ қазір ол үмітіміз де үзілейін деді. Ал жергілікті билік өкілдері қолдауды білмейді. Керек кезінде алдына барсаң, дұрыс жауап бермейтін әкімдіктерілер жазда көкөніс отбасыларға қандай жәрдем жасайсыздар?» деп жетеді. Оларға біз сол кезде ғана керек екенбіз. Онсыз да тұрмыстың қиыншылығын көріп отырған отбасыларға апта сайын көкөніс беріп тұрамыз, биыл осындай астаналық 25 отбасыға апта сайын тегін көкөніс жеткізіп тұрдық» деп жауап қайырды.

ЖӘРМӨНКЕГЕ НЕГЕ  
ҚАТЫСА АЛМАЙДЫ?

Қосшы төңірегінде көкөніс өсіретіндердің дені – Өзбекстаннан келген ағайындар.

**P.S:** Сарыарқада қыс ұзақ әрі аяз күшті болғандықтан, жылыжайда көкөніс өсіруге көп шығын кетеді. Сондықтан жаз бен күздің 6 айын ұтымды пайдаланып, көкөніс өсіретін алқаптардың көлемін кеңейтсек, Президент айтқан қоймаларды салып, қыстың қамын жоқ ойласақ, Астанада бірде сәбіз жоқ, бірде пияз жоқ деген мәселе болмас еді. Баға да ауа райымен бірге мың құбылмас еді. Біз Қосшыдан осындай ой түйдік. Бұл ойымызды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Нарықты отандық өніммен толтыру, олардың өндірістік факторларының өзіндік құнын төмендету мәселесіне ұрандар мен уәдесіз, жан-жақты, ойландырылған түрде қарау керек. Өндірістен сатуға дейінгі бүкіл тізбекті аралап, бағаның өсуіне не себеп әкелетінін түсіну керек. Агрөнеркәсіп кешенін басқарудың қазіргі үлгісі саланың әлеуетін аша алмайды. Үкіметтің алдында агрөнеркәсіп кешенінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету міндеті тұр» деген сөзі де нықтай түседі.

Сол елде туып-өсіп, бау-бақша шаруашылығының қыр-сырын әбден меңгерген олар атажұртқа оралғаннан кейін де көкөніс өсірумен айналысыпты. Бірақ өздерінде жер болмаған соң, Үкіметтен қосымша қаражат ала алмайды. Бір жағынан олар мұндай қолдауға зәру де емес секілді.

«Бізге керекі – жер. Жер болса, судың, жанармайдың қымбатшылығы мәселе емес. Егер көкөніс егетін жер бөліп берсе, сол алқаптың жиегіне ағаш егіп, бірнеше жылда орманға айналдырып жіберер едік. Астана да алыстан көкөніс тасымас еді» дейді олар.

Астана төңірегінде көкөніс егу жұмысы 15 сәуірде басталып, өнім жинау қарашаның басына дейін созылады. Яғни 6 ай уақыт ішінде ұтымды тәсіл қолданып, ерінбей еңбек етпесең, табыс тапсаң түгелі, тақырға отыруың әбден мүмкін. Арқаның құбылмалы ауа райы мен қатты бораны, кездейсоқ жауағын бұршағы да өсіп тұрған көкөністі бір-ақ сағатта тып-типыл қылатын кездері болады.

– Бізге жұмысшы табу да үлкен мәселе. Қазір осы төңіректе көкөніс егумен айналысатын 30-40 адам бар. Олардың әрқайсысы 20-25 адамды жұмыспен қамтып отыр. Беретін жалақысы – 200 мыңның үстінде. Ал ақшасын күнделікті алатындарға 8000 теңге төлейміз, оның сыртында күнделікті жейтін көкөнісі қоса беріледі. Бірақ соның өзінде көкөнісге тапшы, қазақ десек өзмізше тиеді, жалқау, дұрыс жұмыс істемейді, 2 күн істеп, 3 күн демалса қайдан табыс табады?! Жұмысқа келіп, көз бояп күн өткізетіндер де бар. Содан амалсыз Өзбекстаннан келген азаматтарды істеметіз, – деді Жәніс Дарханұлы.

Бір ғажабы, Қосшының көкөніс өсірушілері жылда Астанада өтетін өңірлердің ауылшаруашылық жәрмеңкесіне қатыса алмайды. Нақтырақ айтсақ, қатыстырмайды. Керісінше, бұлардың көкөнісін сатып алған «Шарын», «Шапағат» сияқты базарларда тұратын сатушылар қатысады. «Жылда өтініш айтамыз, кіргізбейді, аңғарғанымыз, әлдекімдермен байланысып болуы керек сияқты» дейді Жеңіс қынжылып.

«Қошқарбаев, Қабанбай сынды ауылдарда игерілмей жатқан жерлер аз емес, бәріннің иесі бар, бірақ бізді жолатпайды. Егер Үкімет «Астана азық-түлік хабын» шын құрамыз десе, осы өңірлерді ұтымды пайдаланса, 1 жылда-ақ өнімін көрер еді» дейді Мұрат бастаған Қосшы диқандары.

Жұмысшылардың айтуынша, Қосшының жері құнарлы әрі өсімдікке дерт-дербез жолатпайтын қасиетке ие. Оның үстіне, шаруалар егіс алқаптарын суаруда су үнемдейтін осы заманғы ең озық әдіс – тамырдан тамшылатып суару тәсілін қолданады. Бұл да түсім көп, шығын аз болудағы бір үлкен себеп.





## СҮЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

Ақынның 1912 жылдан бастау алатын шығармашылығының жаңа кезеңінде Абай, Ыбырай негізін қалаған ағартушылыққа бет бұрды, жастарды оқу-білімге шақырды. «Туған айдай болып туып, күнді алуға бел буады», тұрмысты жеңуде жігерленіп, ақиқатты табу жолында талмай ізденуді мұрат тұтады.

Алғашқы үгіт мәндес өлеңдерінен кейін ақын лириканың өрісін кеңейтіп, лирикалық кейіпкердің жан сырғын, іс-әрекетін суреттеуге ұмтылады. Оның жырларынан тағдырға мойынсұнбай, қасарыса алға ұмтылатын, ауыртыпалыққа қарсы тұрар өжет мінез көрінеді. Осы кезден бастап ақын шығармаларында ескіні сынау бой көтерді.

Ол өмір шындығын көркем бейнелей келе, қазақ өлеңінің мазмұнын кеңейтті, сырға толы лирикалық жырлар туындатты. Көптеген әңгіме, очерк, әдеби-сын мақала жазды. «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» романы және «Таныстыру», «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс» поэмасы қазақ әдебиетіне тың туынды ретінде қосылды.

Қаламгер ретінде поэма жанрын жаңа арнаға бұрып, дамытты. Ақын өз поэмасында өмірдегі сан түрлі мәселені кеңінен қамтып, өршіл ойтүйіндерін бүкпестен, өткір де ашық насихаттауға тырысты. Алғашқы поэмасы – «Таныстыруда» Алашорда қозғалысы өкілдерін елге таныту мақсатын көздеді. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұев, М.Дулатовты таныстырып, олардың «бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – ай» екенін жазады, алаштықтардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы еңбегін саралайды. Алаш өкілдерімен қоса, қазақтың көрнекті тұлғалары Абай мен Шөкәрімді ерекше атап көрсетеді.

«Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларының негізгі сарыны – қоғамдағы әділетсіздік себептерін ашу, теңдікті іздеу. «Адасқан өмірде» ақын өз жұмырында көзімен көріп, ойымен түйген, білім-білігімен таныған тұрмыс өткендерін өзіне ғана тән асақ үнмен ашына, ақтара жырайды. Ал «Кедей» поэмасының бас кейіпкері де өз ортасынан әділдік таппайды, қоғам мен адам арасындағы қайшылықты бітіспес күреске ұластырады. «Айтыс» поэмасы толық аяқталмаған, онда С.Торайғыров қала ақыны мен дала ақынын айтыстырып, екі ортаның қайшылықты жақтары мен адамға пайдалы тұстарын қатар алып суреттейді.

«Қазаққа ілгерілеу керек болса, мұны аз қалыпта қалдырмай, көбірек тұрсын, бәріне таныс жетілген жұрттардың қатарына қосу керек; олармен бірге адам баласының жеңіл күн көруіне, тегіс бақытты болуына жол табу керек, іздегіп атсалысу керек... Бізге керекі қайткенде солардың білімін тез үйреніп, қайткенде сол қатарға тез қосылу қамын қылу керек» деп жыр сұлтаны Сұлтанмахмұт өзі айтқандай, оның шығармашылық әлемі қазақ ұлтының рухани мәдениеті жоғары болуына ерекше көңіл бөлген, сол жолда еңбек етті.

Шындықты іздеу жолында талант иесі әлеуметтік-саяси, философиялық әдебиетпен таныса бастайды, жалпы күрес алаңындағы өз орнын табу үшін заманның күрделі мәселесін шешу керек. Оптимизм мен Отан болашағына деген сенімге толы шығармаларды Сұлтанмахмұт Торайғыров өмірінің соңғы жылында, ауыр індетке шалдыққанда жазды.

Ақынның «Адасқан өмір» пайымдауы бойынша жарық



## ӨЛЕҢІМЕН ҰЛТЫН ӨРГЕ СҮЙРЕГЕН

XIX ғасырда Ресейде Ақпан төңкерісінен басталған саяси тұрақсыздық Қазан төңкерісіне ұласты. Осы кезеңде саяси еркіндікке ұмтылған ұлттар ілім-білімге көңіл аударып, бөлек ірге тігіп, өз алдына ел болуды ойлады. Мұндай асақ та арманшыл сарын ағартушы-демократ, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың поэзиясында молынан кездеседі. Ол өзі өмір сүрген уақытта поэтикалық қуатымен ерекшеленіп, қазақ қоғамын өлеңімен өрге сүйреуге ұмтылды.

дүниеде себепсіз жарала салған, жоқтан бар болған ештеңе жоқ. Поэма 5 тараудан тұрады: «Мен – бала», «Мен – жігіт», «Мен – тоқтадым», «Мен – көрі», «Мен – өлік». Ақынның ойынша, адамға туғанынан бастап адамгершілік, тазалық, таза ой тән. Мұндайда бәрі тең: бай да, кедей де, христиандар да, мұсылман да. Адам табиғаты бойынша мейірімді және рақымды, оның бойында керемет қасиеттер көп, алайда бұл оның «дәстүр, құдай, хан және алтын» билігіне түскенге дейін жалғасады. Бұл қазақ ақыны Сұлтанмахмұт қана емес, жалпы адамзат ұлы гуманистерінің арманы болғанын кім бекер дей алады? Адамзат қоғамының, елдер мен халықтардың тарихы – олардың басынан кешкен үлкенді-кішілі оқиғалардың жай тізбегі емес, әділдік пен озбырлықтың, адалдык пен арамдықтың күрес тарихы. Озық ойлы, ақ ниетті адамдар, Сұлтанмахмұт суреттегендей, жайлы қоғамды аңсаған. Замандастарын сондай қоғам құруға жан сала шақырған. Бұл жолдың сайрап жатқан даңғыл жол болмағаны, ол жолға түскендердің көп қарсылыққа кездесіп, көп адасқаны белгілі.

Кезінде көп адамға дұрыс көрінген қоғамдық құрылыс, оның заңдары уақыт талабына жауап бере алмай мансұқ етілген де, басқа бір қоғамдық құрылыс, басқа бір заңдармен ауысқан. Өз заманын талмай таразылаған ғұламалар, саясаткерлер, қоғам қайраткерлері жаңа идеялар ұсынған. Олардың ой-пікірі миллиондардың санасын билеп, әркімнің өз ойы, өз пікірі болып материалдық күшке айналған.

Халықтың жаппай толқу, көтерілісі билеушілердің біреуін лақтырып, олардың орнына басқасын отырғызған. Бір ғажыбы, «бұл күнде адасудан көз ашпадым» деп Сұлтанмахмұт айтқандай, адамзат қоғамы қаншама көп ізденсе, соншама көп адасуды бастан кешкен.

Сұлтанмахмұт поэзиясы – ақындық шеберліктің, ұлтжандылықтың, азаматтықтың мектебі. Шынайы ақындары-

мыздың бәрі де мың бейнелі классиктердің ізбасары екені де даусыз. Қайталама басылымы қарымсыз әрі тым сирек, насихатталуы да мардымсыз, зерттелуі ауыз жарытпастай аз болса да, Сұлтанмахмұт мұрасына деген халық құштарлығы қашанда биік!

«Жұрттың бақытты болуына себін тигізген адам ғана бақытты адам» депті Дени Дидро. Олай болса бар өмірін, күш-қайратын, ой-санасын, ақылын, бүкіл талант дүниесі жалынын ақтық демі сөнгенше ел-жұртының бақытты болу жолына себін тигізуге жұмсаған Сұлтанмахмұт тірлігінде қандай бақытты болған десек, енді бүгінде де, жарқыраған асыл поэзиясы да бүкіл табиғатымен бақытты. Ақын поэзиясы – өте өміршең поэзия.

Сұлтанмахмұт егеменді еліміздің тәуелсіздігі, тіл теңдігі, төл өнеркәсіп, ұлттық қорғаныс тәрізді аса ірі және көкейкесті мәселелерді сол кезде-ақ – 1919 жылы қозғап, тамаша жырлағанын көреміз. 27 жасында

Сұлтанмахмұт – өз заманының рухын мейлінше кең көрсете білген классик ақын, қазақ классикалық поэзиясының ардақты өкілі. Біз ұлы ақынның есіміне бас иеміз. Осындай дана ақынымыз болғанына мақтанамыз. Азамат ақын қазақ халқының бақытты, мәдениетті ел болуын өмірлік арман етіп еді. Сол үшін де ол өзіне «қараңғылықтың көгіне күн болмағанда, кім болам?» деп өршіл мақсат қойған болатын

дерт мендеп, тағдыр кермесіне ілінген ақын! «Тым болмаса екі жыл тұрмадым, іштегіні түгел жарыққа шығара алмай кетіп барамын» деп «Айтысты» тәмамдай алмағанын зор өкініш етіпті.

Асылында, Сұлтанмахмұттың жарыққа шықпаған көптеген шығармасы Алаш қайраткерлері Жүсіпбек Аймауытов, Қабыш Бердалин қолында болып, баспадан шығаруға дайындағаны туралы ақпарат бар. Бірақ саяси қуғын-сүргін, ашаршылық аласапыранында Сұлтанмахмұт шығармаларын түгендемек түгілі, өз басын сақтау қиынның қиыметі болды.

Торайғыровтану ілімінің негізін Жүсіпбек Аймауытов қалады. Расында, 1933 жылы ақын жинағын Жүсіпбек Аймауытов баспаға дайындады. «Сұлтанмахмұт өлген соң оның шығармаларын 10 жыл бойы жинап-теріп, баспаға әзірлеп, өмір тарихын жазған Ж.Аймауытовтың еңбегі айрықша. Жүсіпбек болмаса, С.Торайғыровтың толық жинағының шығуы, оның толық өмір тарихын білуіміз неғайбыл еді» дейді Қайым Мұхамедханов.

Көпшілік біле бермейтін мына бір жайға да тоқталғымыз келеді. 1920 жылғы 19 мамырда төсек тартып жатқан ақынның көңілін сұрай Жүсіпбек Аймауытов келеді. Бұл кезде ол Семғубревком мүшесі еді. Павлодарға жүрерде оған РК (б) П губбюросының және губаткомның төрағасы Гавриил Васильевич Жигирев Ақботаудағы Сұлтанмахмұттың хал-жайын егжей-тегжейлі біліп келуді тапсырады. Жигирев бөлімдері 1919 жылы 1 желтоқсанда Павлодарды азат еткен кезден білетін. Қыр қазақтары атынан Қызыл армияны құттықтай келген ақынмен жақын танысып, ұзақ пікірлескен еді. Енді Жигирев оны партия-кеңес жұмысына қатыстыруға құштар болды. Бірақ ақынның мендеп қалған ауруы Жүсіпбекті ол ойынан қайтарады.

Ертеңіне, 20 мамырда сәскеде ақынның жазылуын тілеп аттанып кетеді. Сұлтанмахмұт «Мен аурумын,

жазылуым екіталай. Енді сен өкіметсің. Мыналарды кітап қылып шығар!» деп, даяр тұрған қолжазбаларын беріп жібереді. Осы кезде Қазаткомның саяси хатшысы Смағұл Сәдуақасов Омбы арқылы Семейге келген болатын. Ондағы мақсаты Семей губерниясын Батыс Сібір басқарушылығынан Қазақстан қарамағына қабылдауды іске асыру еді. Жүсіпбек қолындағы Сұлтанмахмұт шығармаларының біразын Сәдуақасовқа беріп, жеке кітап етіп бастыруды өтінеді. Сәдуақасов Орынборға келісімен Қазанда қазақша кітап бастырып шығарумен айналысатын Бернияз Күлеевке тапсырады. Осылайша, 1922 жылы «Адасқан өмір» жарық көреді. Жүсіпбектен кейін Сұлтанмахмұт шығармаларын жинаушы Мұхтар Әуезов болды. Ол ақынның «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» романдары мен қырықтан астам өлеңдерінің көшірме қолжазбасын сақтап келген. Сонымен бірге Мұқаң өз қолындағы ақын өлеңдерінің кейбірін (мысалы, «Тұрмысқа», «Налет бұлты шатырлап», «Гүл») «Таң» журналының 1925 жылғы 2-3-нөмірлерінде басып та шығарды.

Жүсіпбек пен Мұхтар Сұлтанмахмұт рухы алдындағы інілік парызын қалтқысыз орындады. «Екеуі» деген лақап

аз болмаған. Солардың бірі – Кенжетай Айманов. Ол «Шұбар аты өш алу», «Ақ сәуле күміс жүзді, күндыз қабақ» сияқты Сұлтанмахмұт өлеңдерін әнге салып, тыңдаушыларын тамсандырған. Ақын аталастарының бірі Қарағыздың Әшімі де көп өлеңді жатқа біліп, әдемі дауысымен әндеткен. Сұлтанмахмұттың «Шоқаңа» (ақын жинақтарында бұл өлеңге тыңнан ат беріліп, «Шығамын тірі болсам адам болып» делініп жүр) деген өкісіне Троицкіден жазған хатындағы өлеңін, сондай-ақ «Бақыт», «Жас жүрек», «Ах, дүние!» өлеңдерін де әнге қосқан. Жалпы кезінде Сұлтанмахмұттың 30-ға тарта өлеңі әнге айналған екен. Ақынды даттау науқаны тұсында айтпай қалғандықтан, кейін ұмыт болған. Шайбай Аппасұлы, Мәшһүр Жүсіп те Сұлтанмахмұттың өзіне ұнаған өлеңдерін жазып алып жүрген. Бұлардың Сұлтанмахмұттан жазып алғандары да Шерниязданның Тарбағатайда қалдырған сары шабаданының ішінде кетіпті.

Сұлтанмахмұт шығармаларында ескіні сынау бой көтерді. Ол қазақ арасында көп кезігетін келеңсіз мінез бен кертартпа әдет-ғұрып салтына қарсы күреседі. Табиғат, махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінде ақын адам сезімін қоғамдық көзқараспен, әлеумет өмірімен байланыста қарайды. Ескіге қарсы көзқарас оны қоғамдағы әділетсіздікпен қақтығысқа алып келеді.

«Айқап» журналында жұмыс істеген жылдары (1913-1914 жж.) С.Торайғыров, өлең мен әңгімеден бөлек, сыни мақалалар жазып («Қазақты өлең жинақтары жайлы», «Әндер мен оны орындаушылар», «Қазақтарды оқыту жүйесі»), оқыту жүйесін жетілдіруді көтереді.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ізденістері «шындықтың ауылын іздеумен» байланысты, оның реализмі бұлтасыз, жалтақсыз айтқыш шындыққа, әлеуметтік тіршіліктің шынайы суретіне негізделген, оның тенденциясы да сынышыл. «Шәкірт ойы» өлеңінде:

*Қараңғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып, күн болам!  
Қараңғылықтың көгіне,  
Күн болмағанда, кім болам?  
– деп жүрмеген ақынның,  
шын мәнінде, бүгінде қазақ аспанындағы рухани сәуле шашып тұратын ең жарық күннің бірі болып мәңгілікке қалғанына ешкімнің де таласы жоқ екені анық.*

Сұлтанмахмұт – өз заманының рухын мейлінше кең көрсете білген классик ақын, қазақ классикалық поэзиясының ардақты өкілі. Біз ұлы ақынның есіміне бас иеміз. Осындай дана ақынымыз болғанына мақтанамыз. Азамат ақын қазақ халқының бақытты, мәдениетті ел болуын өмірлік арман етіп еді. Сол үшін де ол өзіне «қараңғылықтың көгіне күн болмағанда, кім болам?» деп өршіл мақсат қойған болатын. Халықтың ғазиз ұлының сол арманы қазір орындалды. Қазақ халқы мәдениетті, азат ел болды.

Сұлтанмахмұттан зор әдеби мұра қалды. Бұл – халқымызға қалдырған ақын аманаты. Сол мұраны қадірлей білуіміз, оның алтын нәріні ала білуіміз керек. Шығармалары халықтың рухани өміріне терең қабысқан ақын мұралары әрбір оқушыға қымбат. Сұлтанмахмұтқа берілген ең үлкен баға да осы. Мұндай сүйсіпеншілікке әдебиеттің асқан алыптары ғана ие бола алады.

**Айман ЗЕЙНУЛИНА,**  
филология ғылымдарының кандидаты, профессор



Қазақстанда ағза трансплантациялауда медицина жетістігі зор. Бірақ өкініштісі, донорлық ағзаларға сұраныс ұсыныстан асып түседі, яғни ағза донорын табуда қиындық көп. Қазір «күту парағында» бүйрек, бауыр, өкпе, жүрек ауыстыруға мұқтаж 3950 науқас болса, оның 80 пайызы бүйрек донорына зәру. Олардың көбі туыстық немесе мәйіттік донор таппастан өмірмен қоштасуда. Мәселен, соңғы бір жыл ішінде істен шыққан бүйрегін ауыстыра алмастан 400-ден астам адам ажал құшқан. Осы ретте еліміздегі және шетелдегі ағза донорларын табу жолдары мен мәселелері жөнінде білуге 4 жылдық жұмыс тәжірибесінде 150-ге жуық адамның бүйрегін ауыстырған дәрігер, Ұлттық ғылыми онкология орталығының уролог-трансплантологы Арман МАРАЛБАЙМЕН сұхбаттасқан едік.



## ДОНОРЫН КҮТЕ-КҮТЕ КӨЗ ЖҰМАДЫ

### ҚАЗАҚСТАНДА МӘЙІТТІК ЕМЕС, ТУЫСТЫҚ ДОНОРЛАР БАСЫМ

– Арман мырза, елімізде ағза донорын табу неге қиын? Оның басты себептері қандай?  
– Бүгінде елімізде 7 трансплантация орталығы бар. Солардың негізгілері Астана, Алматы, Ақтөбе және Шымкент қалаларында орналасқан. Ана мен бала орталығында балалар ағзасының трансплантациясы жасалады. Біздің орталықта ересектердің бауыр мен бүйрегі ауыстырылса, Ұлттық кардиохирургия орталығында жүрек пен өкпенің трансплантациясы жүргізіледі. Ең алғашқы ағза ауыстыру отасын жасау 1979 жылы Алматыдағы А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургиялық орталықта басталған. Ал біздің орталықта 2010 жылдан бері 600-ге жуық бүйрек ауыстырылды. Соның 98 пайызы – туыстық, қалғаны – мәйіттік. Қазақстанда мәйіттік трансплантация көп дамымаған. Жыл басынан бері осында 43 ағза ауыстыру отасы жасалса, соның тек біреуінде ғана ағза мәйіттік донордан алынды. Оның бірнеше себебі бар. Бірінші кезекте халықтың сана-сезімі, наным-сенімі әсер етеді. «Адам өмірге 12 мүшесімен келгендіктен, мен солай кетуім керек, ол – Алланың берген аманаты» деп санайды.

### ДІНДЕ МӘЙІТ АҒЗАСЫН АЛУҒА ШЕКТЕУ ЖОҚ

– Осы тұста дінде қандай да бір шектеулер бар ма?  
– Жоқ, діни мүфтият бұл тұрғыда керісінше рұқсат береді. Бірақ олар үш талап қояды: бірінші – сату және сатып алмау, екінші – мәйіттік донор ағзасын нағыз керек адамдарға беру, үшінші – туысқандардан рұқсатын алу. Осы жағы дұрыс болса болды, ауру адамды аман алып қалған жөн дейді. Бірде-бір дәстүрлі дінде донорлық пен трансплантацияға қарсылық жоқ. Адам өмірін сақтап қалу үшін ағзаңызды беру идеясының өзі – асыл мақсат. Имамдар діннің тоқырау құрылымы емес, ғылыммен бірге дамитынын айтады. Трансплантацияға, ағзаны ауыстыратын адамға шынымен қажет болса, қолдау көрсетіледі. Мысалы, Испанияда шіркеулердің кіреберісінде: «О дүниеге кеткенде ағзаларыңызды қалдырыңыз» деген жазу бар. Дегенмен бізде әр адам өзі шешеді. Ешкімді қинап, бұл іске кірісе де, араласа да алмаймыз. Егов бағдарламасында келісім беретін пункт бар. Соған қойғанның өзінде туған туыстары мен ата-анасынан рұқсат сұраймыз. Көбіне марқұмның туыстары келісім бермейді.

### АҒЗА САТУ ЗАҢМЕН ЖАЗАЛАНАДЫ

– Ал туыстық донорлық қалай жүзеге асады?

– Заңда жазылғандай, мәйіттік донорға туыстары келіспесе, науқастың өзінің туыстарының бірі бір бүйрегін беруге келісім бергенде ота жасауға рұқсат етіледі. Бұл жерде заң өте қатал. Донордың тек туғандары, әкесі мен анасының жағынан туыстары екені дәлелденуі керек. Екі туыс келеді, сосын біздегі дәрігерлік және этикалық деген 2 комиссия олардың туыстық донорлар екенін дәлелдеп, қағаз жүзінде растаған соң ғана біз трансплантация жұмысын бастаймыз. Айта кету керек, донорлық және трансплантация елімізде заң шеңберінде ғана жүзеге асады. ҚР ҚК 1-бөлігі 116-тармағына сәйкес, тірі адамның органдары мен тіндерін трансплантациялау, өзге де пайдалану үшін алуға немесе заңсыз алуға мәжбүрлеу, сол сияқты тірі адамның органдары мен тіндеріне қатысты заңсыз мәмілелер жасау 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға апарыды.

### ШЕТЕЛДЕ ТУЫСТАРЫНАН СҰРАМАЙДЫ

– Елде кезек күтіп, осылай үміті үзілгендер шетелге кетеді екен. Әсіресе Белоруссияға баратындар көп дейді. Ол жақта заң қалай сонда?

– Белоруссия Президенті адам қайтыс болғаннан кейін оның ағзасы үкіметтікі деген жарлық шығарған. Олар мәйіттік

донордың ағзасын туыстарынан сұрамайды. Сондықтан бұл елдегі «күту парағында» біздегідей мыңдаған емес, 200-300 адам ғана тұрады. Өз елінен ауысқанын, яғни шамамен 10-15 пайызын ақылы түрде өзге елдерге ұсынады. Сондықтан біздің азаматтардың көбі донорлар болмаған соң, сол жаққа барады. Бірақ шетелдегі ота өте қымбатқа түседі. Негізі, медицина бүкіл елде қымбат. Жататын жері мен жолына, тамағына кететін шығыны бар. Елімізде ТМККК шеңберінде ағза ауыстыру отасы тегін жасалады, барлық шығынды мемлекет көтереді. Белоруссиядан басқа, қазақстандықтар ағза ауыстыру жақсы дамыған Кореяға барады, ол жақта одан да қымбат. Алайда шетелге барғанның өзінде кезекке тұрады. Өзім Белоруссия мен Израильге барып, тәжірибе алмастым. Ота жасау процесіне қатыстым. Салыстыра келе, біздің елде бұл жағынан ота жасау деңгейі артық болмаса, кем емес екеніне көзім жетті. Керісінше, туыстық донорлар бойынша ота жасаудан біз дамып кеткенбіз. Шетелдіктер туыстарына ағзасын бере қоймайды. Сыртта ота жасатып келген соң, науқастарды одан әрі біз қараймыз. Өйткені әр ағза ауыстырған пациент үнемі дәрігер бақылауында болуы керек. Себебі иммунитетке деңгейін көтеруге бір емес, бірнеше дәрі ішеді. Басы айналып, құсқысы келуі мүмкін. Ағза ауыстыру бір

бөлек, әрі қарай пациентті күту – екінші бөлек әңгіме. Салды, бітті, бәрі күшті бола қалады деген сөз емес.

– Донорлар табылған соң, әрі қарай жұмыс қалай жүреді? Екі адамның ағзасында айырмашылық болса да, ауыстыра беруге бола ма?

– Жоқ, кез келген донордың ағзасы науқасқа сәйкес келе бермейді. Мәселен, туыстық донорлар бойынша баласы мен анасы бірінші рет келгенде қан орталығында олардың тіндік сәйкестігін тексереміз. Сәйкес келсе ғана келесі кезекте терең талдау сынамасын тапсырады. Екі жақпен де консультация беру жұмысы жүргізіледі. Соның бәрі үлкен жұмыс. Дегенмен біздің орталықтың ТМД аумағы бойынша жеткен жетістігі бар. Бізде, мәйіттік донордан бөлек, қан тобы сәйкес келмейтін жандарға ота жасау бойынша ең бірінші болып бағдарлама енгізілді. Былтыр бастадық, 6 пациентке қан тобы сәйкес келмесе де, ота жасалды. Мәйіттік донор дамымай жатқанына қарамай, басқа жағын дамытудамыз.

### НЕГЕ КӨБІ БҮЙРЕК ДОНОРЫНА ЗӘРУ?

– Қазақстанда «күту парағында» тұрғандардың 80 пайызы бүйрек донорын күтеді. Соның ішінде 400-ге жуығы Астана қаласынан екен. Байқасақ, науқастардың көбі бүйрек ауыстыруға зәру. Неге бізде көбіне бүйрек істен шығады?

– Оның әртүрлі факторы бар. Барлық елде науқастар саны шамалас. Бірінші себеп – қан қысымы, егер қан қысымы жоғарыласа, бүйрек жетіспеушілігіне өкеледі. Екіншісі – қант диабеті. Бұл ауру да бүйректің жұмысын нашарлатады.

– Ағза ауыстыру процесі қанша уақытқа созылады және әр отаға қанша медицина маманы қатысады?

– Ол бір күндік шаруа емес. Ауру анықталғаннан кейін науқас диализге барады, аптасына үш рет, бір күнде 4 сағат іштегі шлақты тазалайды. Диализ қойып, бізге келгеннен кейін ол пациентті 1-1,5 ай толық зерттеп, сосын ота жасауымыз керек. Мәйіттік донордың ағзасын да жараса аламыз, жарамсыз салудың пайдасы жоқ, еңбек зая кетеді. Ол үшін мәйіттік донордың неден көз жұмғанын, қандай дерті болғанын қараймыз. Бүйрегі ауырған болуы мүмкін. Донор табылған кезде қай жаққа болсын аяқ астынан ұшып барамыз. Оның шығынын санавиация, яғни Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы төлейді. Қайтыс болған адамның тіндік сәйкестігін де тексереміз. Науқаспен сай келсе, сол сәтте бірден ағза ауыстыру отасы жасалу керек.

Өйткені әр ағзаның өзіндік жарамдылық мерзімі бар. Белгілі бір уақыттан кейін ол жарамсыз болып қалады. Мысалы, жүректі трансплантациялау уақыты 4 сағаттан аспайды, бүйрек пен бауыр 12-24 сағатқа дейінгі аралықта ауыстырылады. Бізде ұзақ қашықтыққа тасымалдауға уақыт жоқ. Елімізде ағзаны тасымалдау – жеріміздің ауқымына байланысты күрделі процесс. Мәйіттік донорлар табу бойынша әр өңірдегі ауруханаларда ұлттық үйлестірушілер жұмыс істейді. Донор табылғаннан бастап әр ота жасауға 40 шақты маман жұмыс істейді. Біздің қызметіміз үлкен командалық жұмыстан тұрады. Туыстық донор болса, екі ота қатар жасалады. Бұл ретте 4 трансплантолог екі жақтап отаға кіресі. Ота барысында уақ-түйектің бәрі үлкен рөл ойнайды.

– Бір бүйрегін берген донордың одан әрі жағдайы нашарлап кетпей ме?

– Бүйрегін берген адамның одан арғы жағдайында еш өзгеріс болмайды. Бұған дейін қалай өмір сүрді, қалай тамақтанды, солай жалғастыра береді. Отадан кейінгі бір аптадан соң шығарамыз. Тек ауыр зат көтермесе болды. Адамның бүйрегі туысына кеткен екінші бүйректің сүзгі қызметін өзіне алатын тез бейімделгіш қасиетке ие. Онкология ауруына шалдығып, бір бүйрегін алып тастағанда да адамдар жүре бастайды. Одан донор мүгедек болып қалмайды. Тек үнемі салауатты өмір салтын сақтауы керек.

– Астана қаласы бойынша ағза ауыстыру статистикасы қандай?

– Елордада «күту парағында» тұрған науқастардың саны – 536 адам. Оның ішінде бүйрек ауыстыруға 403 ересек адам, 6 бала, бауыр ауыстыруға 6 ересек адам, 2 бала, жүрекке 70 ересек адам, 3 бала, өкпеге 13 ересек адам, жүрек-өкпе кешеніне 1 ересек адам зәру.

– Республикалық ауқымда бұл мәселелерді шешу үшін қандай жұмыстар жүргізіліуі керек?

– Бірқатар министрлік пен ведомствоны халық арасында жүзеге әкелуі керек. Оның ішінде әрі ауқымды ақпараттық жұмыстарын жүргізу үшін тарту қажет. Сондай-ақ Қазақстанда қайтыс болғаннан кейін ағза донорлығы мен трансплантациясын дамыту мәселелерін жедел шешу үшін заңнаманы өзгерту мәселесі бойынша барлық деңгейдегі депутаттардың үн қатқаны жөн. Қазақстанда санаулы ғана трансплантолог дәрігерлер бар. Белгілі бір дағдылар мен біліктіліксіз мұндай күрделі отаны жасау мүмкін емес. Содан кейін трансплантация үшін реципиентпен үйлесім қажет, бұл сынақ еліміздегі екі зертханада ғана жүргізіледі.

## ТЕМЕКІГЕ ҚАРСЫ КАБИНЕТТЕР АШЫЛДЫ

Астанадағы 3 емханада темекіге қарсы кабинеттер қанатқақты жоба ретінде ашылып, жұмыс істеуде. №3, 9, 10 емханалардағы салауатты өмір салты дәрігерлері пациенттерді бұл кабинеттерге скринингтен өткізу арқылы жібереді.

Скринингтік тексеруге келген адамдардың темекі тартатыны анықталған жағдайда оларға қосымша сұрақ қойылып, қанша уақыттан бері темекіге әуес екені белгілі болады. Сонымен қатар олардың күніне қанша темекі тартатыны да сұралады.

– Егер адам күніне 1 немесе одан көп қорап темекі тартса әрі оның темекіні тартқанына көп жыл болған жағдайда, ол міндетті түрде темекіге қарсы кабинетке жіберіледі, – дейді №9 қалалық емхананың салауатты өмір салты

дәрігері Майра Рыспаева.

Дәрігердің айтуынша, қазір көп адам вейп тартады, «ол темекі емес, оның жеңіл түрі болғандықтан, соншалықты зиян емес» деп ойлайды. Алайда оның зияны өте көп. Мамандар кабинетке келушілерге соны түсіндіреді. Темекі тартатын пациенттің бойында созылмалы өкпе, қолқа аурулары пайда болған жағдайда, онымен жұмыс істеу кезінде пульмонолог, аллерголог,

психолог та шақырылады.

– Бәріміз бірлесіп, пациенттерге сабақ өткіземіз. Соның барысында темекінің зияны туралы бейнеролик көрсетеміз. Пульмонолог аурудың кезеңдері туралы баяндайды. Бір аптадан кейін оларды тағы қабылдап, үнемі байланыста боламыз. Оның жағдайын, яғни темекіні қойғанын немесе күніне нешеуін тартатынын бақылауда ұстаймыз, – дейді дәрігер.

Бетті дайындаған Райхан РАХМЕТОВА



РЕСПУБЛИКА МАҚТАНЫШЫ

# ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛҒАН ӘЛИ

Индира  
БЕРЖАНОВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

9 жасар Әли Насырбек – Астанадағы «Нұр Орда» мектебінің 4-сынып оқушысы. Халықаралық деңгейде биыл төртінші рет өткен Sorernicus Olympiad бәсекесіне Қазақстаннан 51 бала іріктелсе, Әли оған алғаш рет қатысты.

– Интеллектуалды сайыс туралы менің сынып жетекшім айтқан еді. Сайысқа бүкіл сынып болып дайындалдық, бірақ олимпиадаға 16 оқушы қатысты. Іріктеуден 6 бала өтіп, оның 4-еуі ғана АҚШ-қа барды. Олимпиада ережесі бойынша финалға өту үшін бірінші кезеңде қатысушылардың алғашқы 40 пайызының қатарына қосылу керек болды. Сондықтан мен тыңғылықты дайындалып, есептерді көп шығардым. АҚШ-тағы сайыс екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезең онлайн форматта өтті. Оны еңсергендер финалға жолдама алды. Бірінші кезеңге 1 сағат 30 минут берілді. Тапсырма 20 сұрақтан тұрды. Финалдағы тапсырма саны 25 сұрақты қамтыды. Олимпиадада келген сұрақтар да оңай болмаған. Мен бұл сайыста 1-орын аламын деп ойламадым. Мақсатым қатысып, тәжірибе жинау еді. Үздіксіз дайындықтың арқасында бұл нәтижеге жеттім деп ойлаймын, – деп өз әсерімен бөлісті жас математик.

Әлидің математикаға қызығушылығы 1-сыныптан басталған. Дайындық барысында ол IELTS бағдарламасына арнайы тіркеліп, сол жерде математика есептерінің жауабын шешеді.

«Математика – менің қалауым. Мектепте күн сайын шамамен 7 сабақ өтеді, оның 45 минуты математикаға арналады. Одан бөлек, күніне қосымша 15 минут уақытымды есеп шығаруға арнаймын. Сол үшін есеп шығаруға арналған онлайн бағдарламаға үш жыл бұрын тіркелдім. Бұл



бағдарламада математика бойынша түрлі сұрақ пен тапсырмаға жауап беруге болады. Осы уақытқа дейін 14 мың сұрақтың жауабын шештім. Жалпы сайыстағы сұрақтардың кейбірі сондай платформадағы бағдарламадан келді, кейбірі мектеп бағдарламасынан да болды. Маған екі таңбалы санға көбейту және бөлу бойынша тапсырмалар қиынға соқты. Мен 4-сыныпқа енді көшкен соң, бұл есептерді мектеп бағдарламасында өтпеген едік. Соған қара-



Жас математик бос уақытында AXL бағдарламасы арқылы математика есептерін шешіп, Duolingo бағдарламасымен ағылшын тілін үйренеді. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанған оқушы домбыраның құлағында ойнайды, жүзу мен шахматты да жетік меңгерген. Сонымен қатар каратенің көк белбеу иегері



жіберуге тырысамыз. Баланы тыңдап, қай жағынан болса да көмек беру – ата-ананың басты парызы» дейді анасы.

«Баланың тек бір сааладан үздік болғанынан гөрі бірнеше саланы меңгергені тиімді. Бұл қасиеттерінде жоғары бағаланады» деген пікірде дарынды оқушының әкесі Нұрбол Төлебаев.

«Жалпы әлемнің үздік университеттері тек біржақты, математиканы ғана оқи беретін балаларды қажет етпейді, баланың жан-жақты болғаны дұрыс. Өзгелермен қарым-қатынас орната алатын, өзінің жобаларын жүзеге асыра алатын тұлғалар бағаланады. Сондықтан біз балаларымыздың жан-жақты болуы үшін спорт, өнер және білімді қатар алып жүруі керек деп есептейміз. Сонда ғана мидың әртүрлі бөлігі жұмыс істейді. Тәрбие беруде де балаларға мұны жиі айтып отырамыз» дейді Әлидің әкесі.

Жас математик бос уақытында AXL бағдарламасы арқылы математика есептерін шешіп, Duolingo бағдарламасымен ағылшын тілін үйренеді. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанған оқушы домбыраның құлағында ойнайды, жүзу мен шахматты да жетік меңгерген. Сонымен қатар каратенің көк белбеу иегері. LEGO-ның робототехника курсына да қатысады. Тіпті ол жазғы демалысын босқа өткізбей, бизнеспен де айналысып, қаржы сауаттымы арттырдым дейді. Қолдан лимонад дайындап, жақын маңдағы дүкендерге сатып, жиналған қаржының бір бөлігін қайырымдылыққа аударып, өзгелерге көмек көрсеткен. Бір бөлігін өзіне керек-жарақ алуға жұмсады. Ізденіске, білуге ұмтылған дарынды оқушының ендігі арманы – өнертапқыш, инженер болу. Ол тіпті өзі оқығысы келетін университетті де таңдап қойған.

«Ата-ана баланың қажетіне қарай жұмыс істеуі керек. Баланы көп нәрседен, әсіресе білім алудан шектеуге болмайды, еркіндік берген дұрыс. Сондықтан біз балалардың жетілуіне баса назар аударамыз, заманауи үйірмелер не сабақтар болсын, сабақтан тыс өзінің қызығушылығына сай ойын түрлері болсын

«Үш күнге созылған олимпиада кезінде біз Колумбия, Бостон, Гарвард, Массачусетс секілді оқу орындарын аралап көрдік. Сол университетке барғанда зертханаларды араладық, олардың жұмысымен таныстық. Мәселен, телефонға арналған чиптердің жасалуын көрдік. Ол чиптерді микроскоппен қарағанда 320 мың адамның атын көруге болады. Маған осы нәрселер әсер етіп, қатты ұнады. Болашақта Массачусетс технология институтына түскім келеді» деді Әли Насырбек.

АҚШ төрінде көк туымызды желбіреткен Әлидің білімге бет алып, мектептегі бұлдіршін болса да, табысқа талпынуы қандай жарасымды! Жан-жақты болуға ден қойған жас математиктің толағай табысы – қатарластарына үлгі, ел үшін мақтаныш.

Ел игілігі жолында ерлермен бірдей еңбек етіп, жұрт сүйсінер игі істер тындырса да, азаматының алдына шықпай, «мен істедім» деп кеуде қақпайтын қайраткер аналар қаншама. Денсаулық сақтау саласында 40 жылдан астам уақыт қызмет атқарып, адал еңбегімен абырой биігінен көрінген астаналық дәрігер Гүлжан БЕЙБІТОВА солардың қатарынан.



## ДӘРІГЕР ДИДАРЫ

Гүлбаршын  
ӘКЕШҚЫЗЫ

Денсаулық сақтау ісінің үздігі, жоғары санатты дәрігер Гүлжан Бейбітұба құрметті демалысқа шыққанына 10 жылдан асса да ол әлі тың, қол қусырып қарап отырған жоқ, қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүр.

Әлі күнге дейін қала өміріне белсенді қатысып, тәжірибесімен бөлісіп жүргені үшін жақында қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов мерейтой иесін құттықтап, елордалық халық қалаулылары атынан алғысын білдірді. Жүрежарды тілегін жеткізгеннен кейін ол естелік сыйлығымен бірге гүл шоғын табыстады. Бұл да болса денсаулық сақтау саласына сүбелі үлес қосқан ханның қоғамдағы белсенділігін байқатқандай.

Талайды сырқатынан сауықтырып, ауруына ем дарытқан дәрігермен мен сонау 90-жылдардың басында кездесіп, жақынырақ танысқан болатынмын. Ол кезде Гүлжан Ғазизқызы қалалық №6 емханада бас дәрігер. Кейін қалалық мәслихаттың депутаты болған кезде де біздің газетпен жиі хабарласып, атқарып жүрген жұмысы туралы жергілікті басылым бетіне үлкенді-кішілі мақалалар жариялап тұрды. Қайда жүрсе де үнемі қазақ тілді мамандардың еңбегін ескеріп, олардың біліктілігі өз саласында лайықты орнын алуға күш жұмсады.

Бұл қаладағы қазақ мектептері жаппай жабылып, балабақшаларда бұлдіршіндер таза орыс тілінде тәрбиеленген, қазақ тілінің қолданыс аясы тарылып, ұлттық дәстүріміз бен мәдениетіміз шеттетілген кез еді. Өзі дүниеге келген Ақмола облысының Ақкөл ауданындағы Ақсу кентінде ол тұста өзге ұлт өкілдері өте көп болатын. Солардың ортасында жүріп, өзге тілде емин-еркін сөйлеп өссе де, үйдегі әке мен ана тәрбиесінің ықпалымен қазақтың тілі мен ділін берік ұстанған қаршадай қыз балабақшада жүріп-ақ өзінің азан шақырып қойған атын ондағылардың «Гүля» немесе «Гая» деп өзгертіп айтуына жол бермеді. Әкесі – Ұлы Отан соғысының ардагері Ғазиз Арыстанұлы Қазақ КСР түсті металлургия министрлігіне қарасты Ақсу, Жолымбет, Бестөбе кен орындарында құмыр бойы партиялық және басшылық қызмет атқарған ел азаматы еді. Қарапайым қазақы қасиет пен ұлттық мүдде тұрғысындағы сана-

ны балаларының бойына дарытқан анасы Саржан Әбенқызы екеуі екені анық.

Орта мектепті үздік бітіріп, Целиноград қаласындағы медицина институтында оқып жүргенде де талай талантты қазақ жастарының орыс тілін білмегендігінен болашағына балта шабылып, тауы шағылғанын көзімен көрді. Жалпы сабақтар, негізінен, орысша өтетін ол тұста шалғай ауылдардан қазақ мектептерін үздік бітіріп келген студенттердің көбі тілді түсінбейтінін ұстаздарға ашып айта алмайтын. Соның салдарынан олардың оқу үлгерімі күрт нашарлап кеткені, оларға институт басшылығы тарапынан тиісінше көмек көрсетілмегені, яғни қосымша сабақтардың өткізілуі оны бей-жай қалдырмады. Сөйтіп, 2-курсты оқып жүрген кезінде, небәрі 18 жасында медицина институтының қабырғасынан «Оян, қазақ!» атты жастар ұйымын құрып, ұлттық болмысымыздың болашағы мен туған тілімізді сақтап қалу үшін қолынан келгенінше күреседі. Қазақтың тілі мен мәдениетіне, ұлттың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына қысым көрсетуді тоқтатылуын талап еткен студент, талай мәрте құқық қорғау мекемелері қызметкерлерімен жүздесуде болғанына қарамастан, алған бетінен қайтпай, ел үкіметінің саясатын мойындайтын, тек Қазақ КСР-інің негізгі заңына сәйкес қазақтың тілі, дәстүрі мен мәдениетінің құқығын қорғау талаптарын қойғанын ашып айтады. Ақыры қайсар қыз қоғамдағы теңсіздікті, жергілікті жастардың өзгелерден кем емес екенін дәлелдеумен болады.

Жоғары оқу орнын ойдағыдай аяқтаған жас маман бар ғұмырын сүйікті ісі – денсаулық сақтау ісіне арнады. Алдымен Целиноград облысы Жолымбет қалалық ауруханасының терапия бөлімшесінде меңгеруші, 1978-1989 жылдары Астанадағы №2 қалалық емхана бас дәрігерінің емдеу жұмысы жөніндегі орынбасары болып еңбек ете жүріп, өз жерінде өгейсіген ұлттық кадрлар үшін күресті тоқтатпады.

Елордадағы №6 емхананың жаңадан ашылған кезі де дәл кешегідей көз алдында. Бас дәрігер болып баруға ұсыныс түскенде, құрылысы бітпеген ғимараттың қалқиян қабырғалары ғана тұрған еді. Табиғатынан тындырмды жан көп ойланбастан сенімді ақтауға білек сыбана кіріседі. Емханаға жетекшілік етумен қоса, құрылысшы мамандығын игеруге тура келсе де ештеңеден тұрғынбай, ел игілігі

жолында ерлермен бірдей іс тындырады.

Құрметті демалысқа шыққанға дейін 22 жыл еңбек еткен осы емхананың өзіне етене жақын, тым ыстық көрінуі де сондықтан болса керек. Бастапқыда 40 мыңнан аса тіркелген тұрғындардың саны соңғы кезде 90 мың адамға дейін жетсе де, жұмысты тиімді үйлестіріп, тұрғындарға медициналық көмек көрсету сапасын жақсарту түседі. Сол жылдарда ұжымның бірнеше рет салалық байқауға қатысып, Астана қаласындағы ең үздік емхананың бірі ретінде марапатқа ие болуы, сөз жоқ, білікті басшының еңбекқорлығы мен білгірлігінің жемісі. Кейін осы емдеу мекемесі үшін бес қабатты жаңа ғимарат салынғанда, бас дәрігер зейнетке шыққанша оның құрылысының басы-қасында жүрді.

Көп жылғы өлшеусіз еңбегі ескерусіз қалмады. КСРО және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен, «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» және басқа да мерейтойлық медальдармен, Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хаттарымен, әкімдіктің және қалалық Денсаулық сақтау қызметкерлерімен құрмет грамоталарымен марапатталды. ҚР дәрігерлерінің I және II съездерінің делегаты. Медициналық журналдарда және мерзімді басылымдарда 30-дан астам мақаласы жарияланды. Бүгінде Гүлжан Ғазизқызы – «Ардагерлер ұйымы» РҚБ орталық кеңесі ардагерлер денсаулығын қорғау жөніндегі тұрақты комиссия төрағасының орынбасары.

Отасы Бәдуан Имашұлы – осы өңірге белгілі қалагер. Ақмола облыстық «Арқа ажары» газетінде 40 жылдан аса еңбек еткен «Қазақстанның құрметті журналисі». Олардың басты байлығы – балалары. Бір кездері елордада ұйымдастырылған «Мерейлі отбасы» байқауының жүлдегері болған ұлдары Айдар, Айдын, Айбек пен келіндері Гүлнәр, Әсел, Айжан ата-ана абыройын асқақтатып, қара шаңырақты шаттыққа толтырса, солардан өрбіген немерелері көз қуанышына айналып отыр.

Саналы ғұмырын денсаулық сақтау саласын дамытуға арнаған қоғам қайраткері, білікті дәрігер өткен өміріне, тағдыр-талайына шүкір етеді. «Алғыс алған арқала-ның демекші, айналасына мейірім шашып, адамдардың алғысына бөленген апайдың әлі де көрер қызығы көп болып, ғұмыры ұзақ болғай!





ДҮЙСЕНБІ

16 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Күй-керуені»
7:00 «TAINSHOLPAN»
10:10 «Қилы күндер», Телехикая
12:20 «Сезім толқыны», Телехикая
13:00 AQRARAT
13:10 «Сезім толқыны», Телехикая
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ», Тікелей эфир
14:30 «АЛТЫН ҚАҚПА»,
15:20 «Арта», Сараптамалық бағдарлама
16:10 «Aqorda»
16:20 «Ауылдастар»
17:10 «Күйеу бала», Телехикая
18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР», Телехикая
20:00 AQRARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ»,
21:30 «СЕСІМ ТОЛҚЫНЫ», Телехикая
22:30 «АЛДАНҒАН АРМАН», Телехикая
23:30 «1001 ТҮН»,
0:50 «Сана»
1:55 «Күйеу бала», Телехикая
2:45 «Ауылдастар»
4:25 «Күй-керуені»
5:00 «Жәдігер»



05:00 МЕГАХИТ. «БИТВА ПРИ ЛОНГТАНЕ»
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «МЕКТЕП»
10:30 МУЛЬТФИЛЬМ. «САДҚО»
11:50 МУЛЬТСЕРИАЛ. «АЛИСА И ЛЬЮИС»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ТАҒДЫРҒА СЕН»
14:00 «АЙНАЛИНЕ»
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН»
16:00 «СЛЕДСТВИЕ ЛЮБВИ»
18:20 ТОК-ШОУ. ИТОГИ
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:20 ТОК-ШОУ. БІЗДІҢ МАҚСАТ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ТАҒДЫРҒА СЕН»
22:00 «РАУЗА. САКУРА – ЖАС ӨРКЕН»
23:00 «ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ»
00:00 «СЛЕДСТВИЕ ЛЮБВИ»

ASTANA TV

